

«Бекітемін»  
«Қорғалжын ауылының мектеп-  
гимназиясы» КММ директоры:

Н.Тәжин

«Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылына  
педагогикалық кеңес жоспары

№	Кеңестің күн тәртібіне қойылатын мәселелері	Жауаптылар
<b>Тамыз</b>		
1	Жаңа 2022-2023 оқу жылына лауазымдық жүктемені бөлу және келген мұғалімдермен таныстыру.	Н.Тәжин
2	2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықтың ерекшеліктері.	Б.Жусупова
3	Мектептің 2022-2023 оқу жылына жұмыс оқу жоспарын бекіту. Оқу үрдісін ұйымдастыру.	Г.Тусупова
4	Мұғалімдердің жүктемесін бекіту.	Г.Тусупова
<b>Қараша</b>		
1	«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмыс барысы: нәтижелер мен жоспарлар.	Г.Жалысова Д.Бексейтова
2	I-тоқсан қорытындысы, білім сапасы. 2022-2023 оқу жылын «Алтын белгі» және үздік аттестатпен аяқтайтын оқушыларды бекіту.	Г.Тусупова
3	«kundelik.kz» электронды журналдың толтырылу жағдайы.	М.Сайлаубек
4	Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығын талқылау.	Г.Ашимова
<b>Қаңтар</b>		
1	II-тоқсан және I-жартыжылдық бойынша оқу жұмысының қорытындысы. Оқу бағдарламаларының I-жартыжылдықтағы орындалуы. I-жартыжылдықтағы пәндер бойынша үлгермеушіліктің алдын алу.	Г.Тусупова пән мұғалімдері
2	Мектепшілік және аудандық пән олимпиадасының қорытындысы	ӘБ жетекшілері: Н.Рахметова Д.Ахметов

3	6 «ә» класындағы Lesson study зерттеуінің нәтижесі, сараптамасы. Жоспар мен ұсыныстар.	А.Тажина
4	Бастауыш 2-4 сынып оқушыларының оқу қарқынын зерделеу.	А.Рыспаева
<b>Наурыз</b>		
1	III- тоқсан қорытындысы. 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау.	Г.Тусупова
2	Оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу жұмыстары туралы. Ұсыныстар, алға қойылған мақсаттар.	Г.Абсагиева
3	1 және 5-класс оқушыларының бейімделуіндегі проблемалары, шешу жолдары.	А.Сулейменова А.Байтурова
4	Дене шынықтыру, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәндері бойынша мектептегі атқарылып жатқан жұмыстар туралы.	А.Алибаев Жакенов М.Е.
<b>Мамыр</b>		
1	Оқушыларды кластан-класка көшіру, 9,11 кластарды емтиханға жіберу, үздік оқушыларды мақтау қағазымен марапаттау тізімін бекіту.	Н.Тәжин Класс жетекшілері
2.	Мемлекеттік емтиханға дайындық: 4,9,11 класс оқушыларының үлгерім сапасы. Педагогикалық консилиум қорытындысы.	Г.Тусупова Б.Жусупова
3.	2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының қорытынды есебі. Жазғы демалысты ұйымдастыру.	Г.Ашимова А.Алибаев
4.	2022-2023 оқу жылындағы мұғалімдердің рейтинг көрсеткіші. Мектеп жетістіктері.	Б.Жусупова
<b>Маусым</b>		
1	Мемлекеттік қорытынды аттестаттау сараптамасы. Түлектерді мектеп тізіміне шығару.	Г.Тусупова

Орындаған:  Б.Жусупова

**2022-2023 оқу жылындағы №1 педагогикалық кеңес отырысының  
хаттамасы**

27 тамыз 2022 жыл

**Күн тәртібінде:**

1. Жаңа 2022-2023 оқу жылына лауазымдық жүктемені бөлу, келген мұғалімдерді таныстыру

Н.Тәжин

2. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықтың ерекшеліктері

Б.Жусупова

3. Мектептің жұмыс жоспарын және мұғалімдердің жүктемесін бекіту. Оқу үрдісін ұйымдастыру.

Г.Тусупова

**Тыңдалды:**

1. Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Н.Е.Тәжин 2022-2023 оқу жылында келген жаңа мамандармен таныстырды. Олар: бастауыш класс мұғалімі Калдыбаева Орал Касеновна, Сманова Зарина Бақтыбекқызы – педагогикалық өтілі жоқ, уақытша биология пәнінің мұғалімі болып жұмысқа қабылданды. Жас мұғалімге тәлімгері ретінде география пәні мұғалімі Жұмабаева Фатима Қыпшақбаевна тағайындалды. Күн тәртібінде ұсынылған мәселелер бойынша педкеңеске қатысушылар дауыс берді. Бір ауыздан күн тәртібі бекітілді.
2. Екінші сұрақ бойынша директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Б.А.Жусупова 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықтың негізгі ерекшеліктеріне тоқталып, таныстырып өтті.

**ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

- ✓ Мектепалды даярлық сыныптарына арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын өзгерту
- ✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды Анықтама: Бір



күнтізбелік жылда: демалыс күндері-117 демалыс және мереке күндері - 75 күн оқу күндері-173 Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн

✓ 1 сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер: - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, - қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады

✓ «Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды

✓ «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»

✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру

✓ Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру

✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу

✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету

✓ Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу (4, 9 сыныптар)

✓ «Алтын белгі» белгісіне үміткерлер үшін білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібіне өзгерістер енгізу

✓ Халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздары мен олардың педагогтеріне бір реттік ақшалай сыйақы беріледі

✓ 5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсы оқытуды жалғастыру

✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру

✓ Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу

✓ «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» «Жылыжайлар» және т.б. жобаларын іске асыру

✓ «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу

✓ Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу



- ✓ «Кәсіби бағдарлаушы педагогі» лауазымын енгізу
- ✓ Жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін жүзеге асыру
- ✓ Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу
- ✓ Аймақтарға үздік педагогтерді тартудың арнайы бағдарламасын енгізу
- ✓ «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені», «Виртуалды мектеп», «Цифрлық мұғалім» пилоттық жобаларын енгізу.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. Әрбір білім беру ұйымының міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:

- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- ✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда 24 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады: 1) қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы қазақ тіліне; 2) шет тіліне; 3) цифрлық сауаттылық (1-сыныптан

басқа) негізінде жүзеге асырылады. Ескертпе: «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 1-сыныпта сынып екі топқа бөлінбейді. «Шет тілі» пәні 2022-2023 оқу жылы ҰОЖ сәйкес 2 сыныптарда оқытылады Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес 24 және одан да көп білім алушы болғанда:

- 1) «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптардағы;
- 2) шетел тілдері;
- 3) көркем еңбек;
- 4) информатика екіге бөлініп оқытылады.

Бастауыш мектептегі ҰОЖ өзгерістері 2022-2023 оқу жылының 1-сыныбынан білім алатын білім алушыларға қатысты. ҰОЖ өзгертулер кезең-кезеңімен енгізіледі:

1-сынып – 2022-2023 оқу жылы;

2-сынып – 2023-2024 оқу жылы;

3-сынып – 2024-2025 оқу жылы;

4-сынып – 2025-2026 оқу жылы.

2022-2023 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативті компоненті сағаттарын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

1-сыныпта – 1 сағатты;

2-сыныпта – 1 сағатты;

3-сыныпта – 1 сағатты;

4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға, сондай-ақ шахмат пен домбырада ойнау сабақтарына бөлу ұсынылады. Шахмат ойнау логикалық ойлауды дамытады және маңызды жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. 5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсына бөлінеді. Домбырада



ойнау дағдыларын қалыптастыру білім алушылардың эстетикалық және көркем мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Музыка сабағында домбырада ойнауды үйренуді жалғастыру қажет. Қазақ тілінде оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды:

10 сыныпта-5 сағат;

11 сыныпта-5 сағат.

Оның ішінде 1 сағат «Жаһандық құзыреттер» курсына оқуға бөлінеді. Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі басқа сағаттарды инварианттық компоненттегі пәндерді оқытуға бөлу ұсынылады. Орыс тілінде оқытатын қоғамдық-гуманитарлық бағыт және қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды: 10 сыныпта – 1сағат; 11 сыныпта-1 сағат. Сағаттар «Жаһандық құзыреттер» курсына оқуға бөлінеді.

Білім беру ұйымдарын, басшыларын, педагогтерді аттестаттауды ұйымдастыру Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығына (ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 № 568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.11.2021 № 432 бірлескен бұйрығымен өзгеріс енгізілген) сәйкес жүзеге асады. Конкурстық негізде жұмысқа қабылдау үшін күнтізбелік жылға конкурстық комиссия құрылады. Конкурсқа ҚР БҒМ-нің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығымен енгізілген) Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) сайтынан тіркеуден өткен және конкурсқа қажетті барлық құжаттарды ұсынған педагогтер қатыса алады. 28 Конкурс 16 сағаттық нормативтік оқу жүктемесімен педагогтің бос лауазымына өткізіледі. Ұлттық біліктілік тестісінен кемінде 50 балл жинаған техникалық және



кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық мамандықтары бойынша білім алушылары мен түлектеріне «педагог» біліктілік санаты беріледі. Техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының «педагог» біліктілік санаты бар түлектері конкурс нәтижелері бойынша жұмысқа қабылданады. «Педагог мәртебесі туралы» және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңдарын іске асыру аясында педагогтің жүктемесі 16 сағатқа дейін төмендетілді. Бір пән бойынша бос лауазымның 16 сағатын педагогтер арасында бөліп беруге рұқсат етілмейді. Қажет болған жағдайда оқу жылының басында бос лауазымға (16 сағат) қосымша педагог қабылданады.

3. Үшінші сұрақ бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.А.Тусупова мектептің жұмыс жоспары және мұғалімдердің жүктемесімен таныстырды.

### 2022-2023 оқу жылы сағат жүктемесі

	Мұғалімнің аты-жөні	Инварианттық жүктеме	Вариативтік жүктеме	Жалпы сағат саны
<b>Қазақ тілі мен әдебиеті</b>				
1	Досымова Г.Х.	5әб/10, 7б/5, 10а/3, 11а/3		21
2	Дангилова К.Ә.	5в/4, 6аә/10, 10б/4	10аб/2-бизнес 11аб/2-бизнес	22
3	Бадыкова Ш.К.	7ә/5, 8аб/10, 9в/4, 11б/4		23
4	Уткельбаева А.М.	5а/5, 6б/4, 7в/4, 8в/4		17
5	Сұлтанова Г.М.	7а/4, 9аб/10	7а/2-г/к	16
<b>Орыс тілі мен әдебиеті</b>				
1	Алиева Г.С.	5ә/3, 7в/5, 8в/5, 9а,б/6, 11б/3	Вакансия: 5б/3	25
2	Рахметова Н.К.	5а/3, 6а/3, 7б/3, 8а/3, 9в/5, 10а/2, 10б/3, 11а/2		24
3	Байтемирова А.М.	5в/5, 6ә/3, 6б/5, 7аә/6, 8б/3		22
<b>Ағылшын тілі</b>				
1	Рахимова М.К.	6ә/3, 7а,б/6, 8б/3, 9б/3, 10а/3	7а/1-г/к	19
2	Сураева И.П.	3в/2, 4вг/4, 7в/3, 8в/3, 9в/3, 10б/3, 11б/3		21
3	Шугаева Г.С.	2а,ә,б/6, 3а/2, 5әб/6, 6б/3		17
4	Сулейменова А.Б.	5а,в/6, 6а/3, 7ә/3, 8а/3, 9а/3		18
5	Сапар Ф.	2а/2, 3әб/4, 4аб/4, 8а/3, 11а/3		16
<b>Математика</b>				
1.	Имажанова Қ.Т.	6б/5, 9б/5, 10а/6, 11б/6	Вакансия: 7а/5	27
2.	Бексейтова Д.К.	5аә/10, 7в/5, 8а/5	5в/5	25
3.	Бейсембекова Б.Н.	5б/5, 6ә/5, 7б/5, 9а/5		20

4.	Ахметжанова Ү.Б.	6а/5, 7ә/5, 8б/5	8в/5	20
5.	Уапова М.М.	9в/5, 10б/6, 11а/6		17
<b>Информатика</b>				
1.	Сайлаубек М.А.	1аэбв/2, 2аэб/3, 3бв/2, 4абвг/4, 6б/1, 8ав/2, 10б/2, 11б/2		18
2.	Сураганова Г.М.	4б/1, 5аэбв/4, 6аэ/2, 7аэбв/4, 8аб/2, 9абв/3, 10а/2, 11а/2		20
3.	Жусупова Б.А.	2а,ә/2, 3аэ/2		4
<b>География</b>				
1.	Жумабаева Ф.Қ.	7а/1, 7ә/2, 8аб/4, 9абв/6, 10аб/4	7а/1-тандау Глоб ком баэб/1,5, 7в/0,5	20
2.	Сарқытбаева Г.Ж.	5в/2, 6аэ/4, 7бв/4, 8в/2, 11аб/4	11а/1 электив	17
3.	Тусупова Г.А.	5аэб/6, 6б/2		8
<b>Биология</b>				
1.	Абдрахманова Е.В.	7в/2, 8в/2, 9в/2, 10б/2, 11б/2		10
2.	Сманова Зарина Бактыбековна	7аэб/5, 8аб/4, 9аб/4, 10а/2, 11а/2	7а/1-тандау	17
<b>Физика</b>				
1.	Тажина Ә.Қ.	7аб/3, 8абв/6, 9абв/6, 10аб/4, 11а/б/4	Вакансия: 7әв/4	27
<b>Химия</b>				
1.	Ахметов Д.М.	7аэбв/4, 8абв/6, 9абв/6, 10аб/4, 11аб/4	10а/1-электив	25
<b>Тарих</b>				
1.	Ашимова Г.К.	7в/3, 8в/3	9бв/2-дінтану	8
2.	Ахметова Г.К.	5а/3, 6а/3, 7ә/3, 8а/3, 9аб/6, 10а/3, 11а/3		24
3.	Абсагиева А.А.	5эбв/9, 6эб/6, 7а/2	7а/1-г/к	18
4.	Кайырбеков Ж.О.	9в/3, 10б/3, 11б/3	9а/1 дінтану	10
5.	Абсагиева Г.К.	9абв/3, 10аб/2, 11аб/2	8ав/1 жахан	8
6.	Бимолдина А.М.	5аэбв/2, 6аэ/1, 7аэб/1,5, 8б/0,5		5
7.	Жаманбаев А.М.	7б/3, 8б/3		6
<b>Музыка</b>				
1.	Садвокасов А.Ө.	2б/1, 3аэбв/4, 4абвг/5, 5аэбв/4, 6аэб/3	7а Домбыра/1 7а Вокал/1	18
<b>АӘД, көркем еңбек</b>				
1.	Алибаев А.К.	8аб/2, 9аб/2, 10аб/2, 11аб/2,		8
2.	Омаров С.Қ.	5аэбв/8, 6аэб/6, 7аэбв/4, 8в/1, 9в/1		20
3.	Досымова Б.И.	5аэбв/8, 6б/2, 7аэбв/4, 8абв/3, 9абв/3		20
4.	Адилханова Ш.С.	6аэ/4		4
<b>Дене шынықтыру</b>				
1.	Қайдаров Е.С.	2б/3, 3б/3, 7эбв/9, 8аб/6		21
2.	Жакенов М.Е.	3а/3, 6а/3, 8в/3, 9аб/6, 10б/3, 11а/3		21
3.	Әубәкір Ж.К.	1ә/3, 2аэ/6, 3ә/3, 7а/3, 9в/3, 11б/3		21
4.	Сайлаубек Д.К.	1в/3, 3в/3, 4б/3, 5ав/6, 10а/3		18
5.	Мусин Д.А.	4авг/9, 5эб/6, 6эб/6		21
<b>Хореография</b>				
1.	Тажина Т.	1аэб/3, 2аэ/2, 3аэб/3, 4аэ/2		9



<b>Бастауыш класс</b>			
1	Жусупова Б.А.	2ә/2-рус-яз, 2а,ә/2-АКТ, 3әә/2-АКТ, 4а/2-рус-яз	8
2	Байкадамова Н.Т.	1а: Өліп-6, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1, сүр-1, д/ш-3	18
3	Шамбекова Н.Г.	1ә: Өліп-6, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1, сүр-1 4в: мат-5, ест-2, поз-1, труд-1	15 9
4	Байтурова А.Т.	1б: Өліп-6, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1, сүр-1, д/ш-3	18
5	Калдыбаева О.Х.	1в: букв-6, каз-2, мат-4, ест-1, поз-1, муз-1, труд-1, изо-1	17
6	Шайхина Г.К.	2а: қ.т.-4, әд-3, ор.т-2, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1	17
7	Өнербек Ж.	2ә: қ.т.-4, әд-3, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1. 3б: қ.т-4, әд-3.	15 7
8	Садвокасова С.Т.	2б: каз-яз/3, р-яз-4, лит-3, мат-4, ест-1, поз-1, труд-1	4в: р-яз-4, лит-3 24
9	Рыспаева А.Б.	3а: қ.т-4, әд-3, р-яз-2, мат-5, жар- 2, дүн-1, 3а/1-еңб	18
10	Жомартова А.С.	3ә: қ.т-4, әд-3, р-яз-2, мат-5, жар- 2, дүн-1, еңб-1	18
11	Тусупбекова Н.В.	3в: р-яз-4, лит-3, мат-5, ест-2, поз-1, труд-1	16
12	Туребаева А.С.	4а: қ.т-4, әд-3, мат-5, жар-2, дүн-1, еңб-1	3б: мат-5, 21
13	Торжанова Г.Б.	4б: қ.т-4, әд-3, р-яз-2, мат-5, 4б/2жар, дүн-1, еңб-1	18
14	Есім Ш.Ж.	4г: р-яз-4, лит-3, к-яз-4, мат-5, ест-2, поз-1, труд-1	20
15	Алтайбаева А.М.	4в/4каз-яз, 3в/3-каз.т, 2б/3 каз.яз, 3б/2 рус.яз, 3б/2 жар, 3б/1дүн, 3б/1 еңбек	16
<b>Мектепалды даярлық</b>			
1	Адилъханова Ш.С.	0а/20	20
2	Женсигалина Ж.С.	0ә/20	20
3	Тулегенова Д.М.	0б/20	20

<b>Класс жетекшілері</b>			<b>Ауысым</b>	<b>Кабинет</b>	<b>Бала саны</b>
<b>1 - 4 класс жетекшілері:</b>					
1.	Байкадамова Н.Т.	1а класы	I	25	17
2.	Шамбекова Н.Г.	1ә класы	I	24	24
3.	Байтурова А.Т.	1б класы	I	21	20
4.	Калдыбаева О.Х.	1в класы	I	28	16
5.	Шайхина Г.К.	2а класы	II	28	25
6.	Өнербек Ж.	2ә класы	II	21	24
7.	Садвокасова С.Т.	2б класы	II	27	20
8.	Рыспаева А.Б.	3а класы	II	24	19
9.	Жомартова А.С.	3ә класы	II	25	18



10.	Өнербек Ж.	3б класы	II	26	15
11.	Тусупбекова Н.В.	3в класы	II	22	21
12.	Туребаева А.С.	4а класы	I	37	21
13.	Торжанова Г.Б.	4б класы	I	26	26
14.	Шамбекова Н.Г.	4в класы	I	27	15
15.	Есім Ш.Ж.	4г класы	I	22	13
<b>5-9 класс жетекшілері:</b>					
16.	Уткельбаева А.М.	5а	I	47	16
17.	Абсагиева А.А.	5ә	I	57	17
18.	Шугаева Г.С.	5б	I	32	17
19.	Байтемирова А.М.	5в	I	31	15
20.	Дангилова К.А.	6а	II	35	20
21.	Рахимова М.К.	6ә	II	32	21
22.	Имажанова К.Т.	6б	I	44	13
23.	Сураганова Г.М.	7а	I	38	18
24.	Ахметова Г.К.	7ә	II	48	16
25.	Тажина А.К.	7б	II	51	20
26.	Сураева И.П.	7в	II	45	14
27.	Бадыкова Ш.К.	8а	II	47	23
28.	Байтемирова А.М.	8б	II	31	18
29.	Абсагиева Г.К.	8в	II	57	12
30.	Сулейменова А.Б.	9а	I	46	17
31.	Ахметова Г.К.	9б	I	48	19
32.	Рахметова Н.К.	9в	I	41	7
<b>10-11 класс жетекшілері</b>					
33.	Досымова Г.Х.	10а	I	36	12
34.	Рахметова Н.К.	10б	I	41	2
35.	Досымова Г.Х.	11а	I	36	7
36.	Сураева И.П.	11б	I	45	2
<b>Мектепалды даярлық класының мұғалімдері:</b>					
37.	Адилъханова Ш.С.	0а класы			14
38.	Жансагирова Ж.С.	0ә класы			14
39.	Тулегенова Д.М.	0б класы			13

### Бастауыш кластар бойынша жүктеме

Класы	Класс жетекшісі	Жүктемесі	Пәні	Пән мұғалімі	Жүктемесі
1А	Байкадамова Н.Т.	Әліп-6, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1, сұр-1, д/ш-3	АКТ Хореография	Сураганова Г.М. Тажина Т.	0,5 сағат 1 сағат
		<b>18</b>			<b>11</b>
1Ә	Шамбекова Н.Г.	Әліп-6, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1, сұр-1	АКТ Дене ш. 3 Хореография	Сураганова Г.М. Өубәкір Ж.К. Тажина Т.	0,5 сағат 3 сағат 1 сағат

		<b>15</b>			<b>11</b>
1Б	Байтурова А.Т.	Әліп-6, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, енб-1, сүр-1, д/ш-3	Ағылшын т. АКТ д/ш	Сураева И.П. Рахимова М.К. Сайлаубек М.А. Мусин Д.А.	2 сағат 2 сағат 0,5+0,5 сағат 3 сағат
1В	Калдыбаева О.Х.	букв-6, каз-2, мат-4, ест-1, поз-1, муз-1, труд-1, изо-1			
		<b>20+4 (3в)</b>			<b>8</b>
2А	Алтайбаева А.М.	Қазақ тілі 4 Әдебиет 3 Орыс тілі 2 Матем 4 Жарат. 1 Дүниет.1 Өзін-ө. 1 К.еңбек 1 Музыка 1	Орыс тілі Шет тілі Дене шынықт. Хореография Өзін-ө Шет тілі	Алтайбаева А.М. Серикова А.А. Жакенов М.Е. Тажина Т.Ж. Жусупова Б.А. Шугаева Г.С.	2 сағат 2 сағат 3 сағат 1 сағат 1 сағат 2 сағат
		<b>18+2(2ә)+ 3(2в)+2в/1- 24</b>			<b>11</b>
2Ә	Өнербек Ж.	Қазақ тілі 4 Әдебиет 3 Орыс тілі 2 Матем 4 Жарат. 1 Дүниет.1 Өзін-ө. 1 К.еңбек 1 Музыка 1	Орыс тілі Шет тілі Дене шынықт хореография Өзін-ө Шет тілі	Рыспаева А.Б. Серикова А.А. Әубәкір Ж.К. Тажина Т.Ж. Жусупова Б.А. Шугаева Г.С.	2 сағат 2 сағат 3сағат 1 сағат 1 сағат 2сағат
		<b>18</b>			<b>11</b>
2Б	Садвокасова С.Т.	Матем 4 Естеств.1 Самопоз 1 Труд 1 Музыка 1 Физра3	Қазақ тілі Қазақ тілі Ин.язық Ин.язық Самопозн. Рус.яз. Литер. Познан.мира	Рыспаева А.Б. Алтайбаева А.М. Сураева И.П. Серикова А.А. Алтайбаева А.М. Есім Ш.Ж. Есім Ш.Ж. Рыспаева А.Б.	3 часа 3 часа 2 часа 2 часа 1 час 4 часа 3 часа 1 час
		<b>18</b>			<b>6</b>
3А	Рыспаева А.Б.	Қаз.т.4 Әдеб.3 Матем 5 Жарат.2 Дүниет.1 К.еңб.1	Орыс т. Орыс т. Шет тілі АКТ Өзін-ө. Өзін-ө. Музыка Дене шын. Хореография Шет тілі АКТ	Жусупова Б.А. Шайхина Г.К. Серикова А.А. Сайлаубек М.А Жусупова Б.А. Алтайбаева А.М. Садвакасов А.У. Мусин Д.А. Тажина Т.Ж. Байтемирова А.М. Алибекова Н.Е.	2 сағат 2 сағат 2 сағат 1 сағат 1 сағат 1 сағат 1 сағат 3сағат 1сағат 2 сағат 1 сағат
		<b>16</b>			<b>17</b>

3Ә	Жомартова А.С.	Қаз.т.4 Әдеби.3 Орыс т.2 Матем 5 Жарат.2 Дүниет.1 Өзін-ө.1 К.еңб.1 Музыка 1	Шет тілі АКТ Дене шын. Хореография	Серикова А.А. Сайлаубек М.А. Сайлаубек Д.К. Тажина Т.Ж.	2 сағат 1 сағат 3 сағат 1сағат
		<b>20+2 (3а)</b>			<b>7</b>
3Б	Өнербек Ж.	Қаз.т.4 Әдеби.3 Орыс т.2 Матем 5 Жарат.2 Дүниет.1 Өзін-ө.1 К.еңб.1 Музыка 1	Шет тілі АКТ Дене шын. Хореография	Серикова А.А. Сайлаубек М.А. Сайлаубек Д.К. Тажина Т.Ж.	2 сағат 1 сағат 3сағат 1сағат
		<b>20</b>			<b>7</b>
3В	Тусупбекова Н.В.	Рус.язық 4 Литер.3 Матем 5	Қаз. язык Ин.язық ИКТ Позн.м. Самопозн. Худ.труд Музыка Физра Естеств.2	Алтайбаева А.М. Серикова А.А. Сайлаубек М.А. Садвокасова С.Т. Садвокасова С.Т. Алтайбаева А.М. Садвокасов А.У. Мусин Д.А. Садвокасова С.Т.	3 часа 2 часа 1 час 1 час 1 час 1 час 1 час 3 часа 1 час
		<b>12</b>			<b>14</b>
4А	Туребаева А.С.	Қаз.тілі4 Әдебиет3 Орыс т.2 Матем5 Жарат.2 Дүниет.1 К.еңб.1	Шет тілі Шет тілі АКТ Өзін-өзі Музыка Дене шын. Хореография	Шугаева Г.С. Серикова А.А. Сайлаубек М.А. Жусупова Б.А. Садвокасов А.У. Сайлаубек Д.К. Тажина Т.Ж.	2сағат 2 сағат 2 сағат 1 сағат 1сағат 3сағат 1сағат
		<b>18</b>			<b>12</b>
4Ә	Шайхина Г.К.	Қаз.тілі4 Әдебиет3 Орыс т. 2 Матем5 Жарат.2 Дүниет.1 Өзін-өзі тану1	Шет тілі Шет тілі Орыс тілі АКТ АКТ Өзін-өзі Музыка Дене шын. Хореография К. еңбек 1	Серикова А.А. Шугаева Г.С. Алтайбаева А.М. Сайлаубек М.А. Алибекова Н.Е. Жусупова Б.А. Садвокасов А.У. Мусин Д.А. Тажина Т.Ж. Алтайбаева А.М.	2сағат 2 сағат 2сағат 1 сағат 1 сағат 1 сағат 1 сағат 3сағат 1сағат 1сағат
		<b>18+5(4в)</b>			<b>15</b>
4Б	Торжанова Г.Б.	Қаз.тілі4 Әдебиет 3 Орыс т. 2 Матем 5 Жарат. 2 Дүниет.1 Өзін-ө. 1 К.еңб.1	Шет тілі АКТ Музыка Дене шын. Хореография	Серикова А.А. Сайлаубек М.А. Садвокасов А.У. Мусин Д.А. Тажина Т.Ж.	2сағат 1 сағат 1 сағат 3 сағат 1 сағат
		<b>19+2(4в)</b>			<b>8</b>



4В	Шамбекова Н.Г.	Рус.язык 4 Литер.3 Матем 5	Каз. язык Ин.язык ИКТ Позн.м. Самопозн. Худ.труд Музыка Физра Естеств	Шамбекова Н.Г. Шугаева Г.С. Сайлаубек М.А. Байтурова А.Т. Жусупова Б.А. Байтурова А.Т. Садвокасов А.У. Сайлаубек Д.К. Шамбекова Н.Г.	3 часа 2 часа 1 час 1 час 1 час 1 час 1 час 3 часа 2 часа
4Г	Есім Ш.Ж.	Рус.язык 4 Литер.3 Матем 5	Каз. язык Ин.язык ИКТ Позн.м. Самопозн. Худ.труд Музыка Физра Естеств	Шамбекова Н.Г. Шугаева Г.С. Сайлаубек М.А. Байтурова А.Т. Жусупова Б.А. Байтурова А.Т. Садвокасов А.У. Сайлаубек Д.К. Шамбекова Н.Г.	3 часа 2 часа 1 час 1 час 1 час 1 час 1 час 3 часа 2 часа
		12			15

### Шешімі:

1. Лауазымдық жүктемелер мектеп бұйрығымен бекітілсін. Жаңадан жұмысқа орналасқан биология пәні мұғалімі Зарина Бактыбековна Смановаға Жумабаева Фатима Кыпшакбаевна тәлімгер болып тағайындалсын. Жұмыс барысын қадағалау мектеп директоры Н.Тәжинге жүктеледі.
2. «2022-2023 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хаттың негізінде әр пән мұғалімі жұмыс атқарсын. Жұмысты орындау мен қадағалау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Жусуповаға жүктелсін.
3. 2022-2023 оқу жылына мұғалімдер жүктемесі мен класс жетекшілік міндеттері бекітілсін. Жұмыс барысын орындау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусуповаға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Н.Тәжин

Хатшы м.а:

К.Дангилова

## 2022-2023 оқу жылындағы №2 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

04.11.2022 жыл

Қатысқандар: 68

### Өткен педагогикалық кеңес шешімі бойынша атқарылған жұмыстар туралы:

1. Жумабаева Ф.К.: Жаңадан жұмысқа қабылданған биология пәнінің мұғалімі З.Б.Смановамен атқарылған жұмысы жайлы ақпарат.
2. Жусупова Б.А.: Әдістемелік нұсқаулық хат бойынша атқарылған жұмыс туралы.
3. Тусупова Г.А.: 2022-2023 оқу жылына мұғалімдердің жүктемесі мен класс жетекшілердің міндеттерін орындау туралы.

### Күн тәртібінде:

1. 1-тоқсан қорытындысы, білім сапасы. 2022-2023 оқу жылын «Алтын белгі» және үздік аттестатпен аяқтайтын оқушыларды бекіту.

Г.Тусупова

2. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығын талқылау.

Г.Ашимова

3. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмыс барысы: нәтижелер мен жоспарлар.

Г.Жалысова

Д.Бексейтова

4. «kundelik.kz» электронды журналдың толтырылу жағдайы.

М.Сайлаубек

Өткен педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жаңадан жұмысқа қабылданған биология пәнінің мұғалімі З.Б.Смановамен атқарылған жұмыстар туралы Жумабаева Ф.К. мәлімдеме жасады: - Жас маман З.Б.Смановаға 2020 жылғы 24 сәуір №160 бұйрығы негізінде, 2022 жылдың 1 қыркүйегінен тәлімгерлік жүргізіп келемін. Жоспар құрылды. Жоспар мақсатына сәйкес қыркүйек айының 1-аптасында жас маман З.Б.Смановамен сұхбаттастым. 2-аптада мектеп құжаттарымен жұмыс жасауға көмектестім. 4-аптада сауалнама алдым. Қазан айының 1-аптасында электронды журналдың жүргізілуі бойынша жас маманмен жұмыс атқардым. Қазан айының 3-аптасында жас маманның қмж-сын құрастыру жұмыстарын жүргіздім. 7 «а», 9 «б», 11 «а» кластары бойынша жас маманның сабақтарына қатыстым. Жаңадан келген

мұғалім болғандықтан, сабақ барысында тәртіп орнату қиындық тудырды. Ұсынысым: маман өздігінен көбірек іздену керек. Әр сабаққа мұқият дайындалу керек.

Директордың ҒӘЖ жөніндегі орынбасары Б.А.Жусупова: - Биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат жұмыс барысында қолданылып жатыр. Педкеңесте талқыланды.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусупова: - Оқу жүктемесі оқу жылының басында бөлінді. Ағылшын тілі мұғалімі М.К.Рахимованың декреттік демалысқа шығуына байланысты ағылшын тілі мұғалімдеріне сағаттары бөлінді. Ағылшын тілі мұғалімдерінің жүктемесі 1,5-тен жоғары. Химия пәні мұғалімі Ахметов Д.М., физика пәні мұғалімі Тажина А.К. жүктемелері 1,5-тен жоғары. 2-тоқсанда 4 «в» класы 2-ауысымға, 3 «б» класы 1-ауысымға ауысты, Меруерт Канышевнаның 6 «ә» класы К.А.Дангиловаға берілді.

### **Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе 1-тоқсан қорытындысы, білім сапасы. 2022-2023 оқу жылын «Алтын белгі» және үздік аттестатпен аяқтайтын оқушыларды бекіту туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусупова мәлімдеме жасады: - 1-тоқсан қорытындысы бойынша 2-кластардың білім сапасының көрсеткіші келесідей, 2 «а» класы 69%, 2 «ә» класы 54%, 2 «б» класы 67%.

3-кластар бойынша білім сапасы 3 «а» класы 68%, 3 «ә» класы 69%, 3 «б» класы 53%, 3 «в» класы 59%.

4-кластар бойынша білім сапасы 4 «а» класы 72%, 4 «б» класы 62%, 4 «в» класы 69%, 4 «г» класы 53%.

5-кластар бойынша білім сапасы 5 «а» класы 70%, 5 «ә» класы 61%, 5 «б» класы 50%, 5 «в» класы 56%.

6-кластар бойынша білім сапасы 6 «а» класы 48%, 6 «ә» класы 37%, 6 «б» класы 58%.

Мектеп директоры Н.Тәжин: - 6 «а,ә» кластарында білім сапасы неге төмен?

Класс жетекшісі К.А.Дангилова: - 1-тоқсанда жазған БЖБ, ТЖБ қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсетіп отыр.

7-кластар бойынша білім сапасы 7 «а» класы 79%, 7 «ә» класы 53%, 7 «б» класы 45%, 7 «в» класы 36%.

Мектеп директоры Н.Тәжин: - 7 «б,в» кластарының білім сапасы неге төмен?

7 «б» класының класс жетекшісі А.К.Тажина: - Осы тоқсанда оқу екпінділері түсіп қалды.

7 «в» класының класс жетекшісі И.П.Сураева: - В 7-классе добавились предметы ЕМЦ.

8-кластар бойынша білім сапасы 8 «а» класы 68%, 8 «б» класы 28%, 8 «в» класы 25%.



8 «б» класының класс жетекшісі А.М.Байтемирова: - Барлығында алгебра, геометриядан «3». Екі оқушы ғана жақсы оқитын оқушылардың қатарында.

9-кластар бойынша білім сапасы 9 «а» класы 50%, 9 «б» класы 41%, 9 «в» класы 57%.

9 «б» класының класс жетекшісі Г.К.Ахметова: - Бір оқушы қалаға қоныс аударды.

Саматқызы А. Жылда 1-тоқсанда түсіп, келесі тоқсандарда көтеріледі.

10-кластар бойынша білім сапасы 10 «а» класы 55%, 10 «б» класы 50%.

11-кластар бойынша білім сапасы 11 «а» класы 57%, 11 «б» класы 0%.

2-кластар бойынша білім сапасы 61%.

3-кластар бойынша білім сапасы 63%.

4-кластар бойынша білім сапасы 65%.

5-кластар бойынша білім сапасы 60%.

6-кластар бойынша білім сапасы 46%.

7-кластар бойынша білім сапасы 54%.

8-кластар бойынша білім сапасы 45%.

9-кластар бойынша білім сапасы 48%.

10-кластар бойынша білім сапасы 54%.

11-кластар бойынша білім сапасы 47%.

2021-2022 оқу жылының 1-тоқсанының білім сапасы 54% болса, 2022-2023 оқу жылының 1-тоқсаны бойынша білім сапасы 56%.

Биылғы оқу жылының 1-тоқсанының қорытындысы бойынша ЖМБ пәндерінің білім сапасының көрсеткіші келесідей:

математика 64%,

алгебра 52%,

геометрия 50%,

физика 48%,

химия 73%,

биология 75%,

география 89%,

информатика 90%.

ЖМБ пәндерінің білім сапасының орташа көрсеткіші 68%.

ҚТБ пәндерінің білім сапасының көрсеткіші келесідей:

қазақ тілі 57%,

қазақ әдебиеті 67%,

қазақ тілі мен әдебиеті 72%,

орыс тілі 57%,

орыс әдебиеті 74%,

орыс тілі мен әдебиеті 74%,

ағылшын тілі 71%,

Қазақстан тарихы 74%.

ҚТБ пәндерінің білім сапасының орташа көрсеткіші 68%.

9-кластар бойынша үздік аттестатқа үміткерлер:

1. Каптысаямова Сабина 9 «а» класы
2. Каратаева Нұрай 9 «а» класы
3. Қабыл Арайлым 9 «б» класы
4. Нұрлан Бақыт 9 «б» класы
5. Садыкова Жансая 9 «б» класы
6. Серикова Дильназ 9 «б» класы
7. Рыбина Анастасия 9 «в» класы
8. Тусупбекова Алина 9 «в» класы

«Алтын белгіге» үміткерлер:

1. Амангелді Сандуғаш 11 «а» класы
2. Жакыпбекова Алуа 11 «а» класы

Қорытынды:

1. I тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасының төмен болуына байланысты сапа процентін төмен көрсеткен математика және физика пәндерінің мұғалімдері оққылықтардың орнын толтыру үшін жұмыс жоспарын құрып, оқушылармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру қажет.

2. Білім сапасы 50% төмен кластарда жүйелі жұмыс жүргізілу қажет: 6а, 6ә, 7б, 7в, 8б, 8в, 9б, 11б.

3. Негізгі білім туралы үздік аттестатқа және «Алтын белгі» белгісі бар жалпы орта білім туралы аттестатқа үміткерлермен қосымша жұмыс жүргізу қажет.

### **Сөз алды:**

9 «в» класының класс жетекшісі Н.К.Рахметова: - Рыбина Анастасия 9-класта үздік аттестатқа үміткер. Тусупбекова Алина да 8 жыл үздік оқыды. Осы тоқсанда «4» бағалары бар. Алгебра, геометриядан «4» шығып тұр.

Мектеп директоры Н.Тәжин: - Жақсы, қабылданады. Тізімге қосу керек.

Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығын талқылау туралы директордың тәрбие ісінің орынбасары Г.Ашимова мәлімдеме жасады: - Педагогическая этика должна обратить особое внимание на сущность и специфику индивидуального нравственного сознания учителя. Педагогическая этика рассматривает сущность основных категорий педагогической морали и моральных ценностей. Педагогическая этика рассматривает нравственные отношения как совокупность общественных контактов и взаимных связей, возникающих у учителя с теми людьми и учреждениями, по отношению к которым он имеет профессиональные обязанности. На основании такого подхода целесообразнее всего рассматривать нравственные отношения в наиболее четко выделяющихся подсистемах: «учитель — ученики», «учитель — педагогический коллектив», «учитель — родители учащихся». Только в том случае, если учитель будет чувствовать ответственность перед теми, кого он обучает и воспитывает, будет



стремиться к саморазвитию и самовоспитанию, будет творчески подходить к своей работе, только тогда детям будет интересно на уроках, только тогда они будут помнить, ценить и уважать своих учителей.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР-сы Заңының 5-бабының 34-1) тармақшасына сәйкес, «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР-сы Заңының 5-бабының 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына, ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығының 2-қосымшасы негізінде 7 адамнан құрылған педагогикалық әдеп жөніндегі мектепшілік кеңес құрамы сайланды. Тізімі төмендегідей:

- 1.Нарын Аяжан Сериковна – Қорғалжын аудандық білім бөлімінің бас маманы (келісім бойынша)
  - 2.Ашимова Гульмира Каримжановна – «Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» КММ-нің кәсіподақ төрайымы.
  - 3.Муканов Толеухан Кудайбергенович – Қорғалжын ауылының ардагерлер кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
  - 4.Ахметжанов Мадияр Ермекбаевич – «Атамекен» Ақмола облысының Кәсіпкерлер Палатасының Қорғалжын аудандық филиалының директоры (келісім бойынша)
  5. Қайырбеков Жоламан Омарович – құрметті демалысқа шыққан педагог.
  - 6.Алиева Гулим Сериковна – «Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» КММ-нің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
  - 7.Сураева И.П. - «Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» КММ-нің ағылшын тілі пәні мұғалімі.
- Сураганова Гульнур Муканмидяровна – хатшы.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмыс барысы: нәтижелер мен жоспарлар жөнінде мектеп кітапханашылары Г.Жалысова мен Д.Бексейтова мәлімдеме жасады: - 2020 жылдан бастап мектеп кітапханасында түрлі іс-шаралар өтеді. «Живое поэтическое слово - 2020» Республикалық мәнерлеп оқу сайысынан 10-класс оқушысы Серік Анель жүлделі 1-орынды иеленді. ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Біз – тәуелсіз елміз» тақырыбында 8-класс оқушыларымен ашық тәрбие сағаты өтті. Баешева Динара, Оразова Нұрайым, Люфт Александр, Даниярқызы Зере «Туған жер - тұғырым» кітабын шығарып, «Жақсы кітап – жан азығы» облыстық байқауына белсене қатысып, сертификатқа ие болды. Биылғы оқу жылының 14 қазанында мектебімізде Республикалық Балалар оқуларының аудандық байқауы өтті. Мектебіміздің оқушылары жүлделі 1-орынды иеленді. 3 «а» класс оқушысы Иманов Асанали 1-орын, жетекшісі А.Рыспаева, 5 «а» класс оқушысы Картенбай Гүлназ 1-орын, жетекшісі А.Уткельбаева, 8 «а» класс оқушысы Зейнуллина Айсана 1-орын, жетекшісі Ш.Бадыкова, 9 «а» класс оқушысы Мирахманова Анель 1-орын, жетекшісі А.Сулейменова. Алдағы уақытқа желтоқсан айына 7-класс оқушыларымен «Кітапхананың үздік оқырманы» аудандық семинарын тәрбие ісі орынбасары Г.Ашимовамен бірлесе өткізу жоспарланды.



«kundelik.kz» электронды журналдың толтырылу жағдайы туралы М.Сайлаубек мәлімдеме жасады: - Сабақ кестесі 2-тоқсанға жарияланды. 0 «а», 0 «ә», 1 «а», 1 «ә» кластары бойынша активация жасалынбаған. 2 «б» класынан Конек Е., 8 «б» класынан Бәкір Диана активация жасамаған.

### Қаулы етті:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы жоспарға сәйкес орындалсын. Жоспарланған аудандық семинарға тиянақты дайындық жүргізілсін. Орындау барысы мектеп кітапханашысы Г.Жалысоваға, жұмысты қадағалау директордың орынбасары Г.Ашимоваға жүктелсін. Жайлылық аймағы қарастырылсын.

2. I тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасының төмен болуына байланысты сапа процентін төмен көрсеткен математика және физика мұғалімдері олқылықтардың орнын толтыру үшін жұмыс жоспарын құрып, оқушылармен жеке жұмыстар ұйымдастырылсын.

- Білім сапасы 50% төмен кластарда жүйелі жұмыс жүргізілсін: 6а, 6ә, 7б, 7в, 8б, 8в, 9б, 11б. Келесі педагогикалық кеңеске әр пән мұғалімі жасаған жұмысы жайлы есеп берсін.

- Негізгі білім туралы үздік аттестатқа және «Алтын белгі» жалпы орта білім туралы аттестатқа үміткерлермен қосымша жұмыс жүргізілсін.

Жұмыс барысын қадағалау директордың орынбасары Г.Тусуповаға жүктелсін.

3.«Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясы» КММ педагогикалық ұжымының жұмысында педагогикалық әдептің негізгі ережелерін және 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп туралы» №190 бұйрығының қағидалары қатаң түрде сақталсын. Жұмыс барысын қадағалау өзіме қалдырамын.

4. «kundelik.kz» электронды журналы тиянақты толтырылсын. Жұмысты қадағалау директордың орынбасары М.Сайлаубекке жүктелсін.

5.Күзгі-қысқы уақытында күннің ерте батуына байланысты, оқушылардың өмірінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында II-ауысымның 7-сабақтары «0»-сабақтарға уақытша ауыстырылсын. Жұмысты қадағалау, ұйымдастыру директордың орынбасарлары Б.Жусупова мен Г.Тусуповаға жүктелсін.

Төраға:



Н.Тәжин

Хатшы:

А.Уткельбаева

**2022-2023 оқу жылындағы №3 педагогикалық кеңес отырысының  
хаттамасы**

06.01.2023 жыл

Қатысқандар: 68

**Өткен педагогикалық кеңес шешімі бойынша атқарылған жұмыстар туралы:**

1.2-тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасын төмен көрсеткен кластардағы атқарылған жұмыс жайлы:

- 6 «а», 6 «ә» - кл.жетекшісі К.Дангилова
- 7 «б» класс – кл.жетекшісі А.Тажина
- 7 «в», 11 «б» класс – кл.жетекшісі И.Сураева
- 8 «б» класс – кл.жетекшісі А.Байтемирова
- 8 «в» класс – кл.жетекшісі Г.Абсағиева
- 9 «б» класс – кл.жетекшісі Г.Ахметова

2. Негізгі білім туралы үздік аттестатқа және «Алтын белгі» жалпы орта білім туралы аттестатқа үміткерлермен жүргізілген жұмыс туралы

- А.Сулейменова – 9 «а» класс жетекшісі
- Г.Ахметова – 9 «б» класс жетекшісі
- Н.Рахметова – 9 «в» класс жетекшісі
- Г.Досымова – 11 «а» класс жетекшісі

3. «kundelik.kz» электронды журналының жағдайы – А.Туребаева

**Күн тәртібінде:**

1. II тоқсан және I жартыжылдық бойынша оқу жұмысының қорытындысы. Оқу бағдарламаларының I жартыжылдықтағы орындалуы. I жартыжылдықтағы пәндер бойынша үлгермеушіліктің алдын алу.

Г.Тусупова  
пән мұғалімдері

2. Мектепшілік және аудандық пән олимпиадасының қорытындысы

ӘБ жетекшілері:  
Н.Рахметова  
Д.Ахметов

3. 6 «ә» класындағы Lesson study зерттеуінің нәтижесі, сараптамасы. Жоспар мен ұсыныстар.

А.Тажина  
Ф.Жумабаева

4. Бастауыш 2-4 сынып оқушыларының оқу қарқынын зерделеу.

А.Рыспаева



## 5. Әртүрлі мәселелер.

Өткен педагогикалық кеңестің шешімі бойынша 2-тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасын төмен көрсеткен кластардағы атқарылған жұмыс жайлы: класс жетекшілер мәлімдеме жасады. 6 «а», 6 «ә» кл. жетекшісі К. Дангилова: - 14-23 қараша күндері ашық есік күндері ұйымдастырылды. Ұсыныстар айтылды. 6 «а» класында 1-тоқсанда білім сапасы 48%, 2-тоқсанда білім сапасы 60%-ке көтерілді. 6 «ә» класында 1-тоқсанда білім сапасы 37%, 2-тоқсанда білім сапасы 50%-ке көтерілді.

Мектеп директоры Н. Тәжин: - Үлгермейтін оқушылармен демалыс уақытында қандай жұмыс атқардыңыз?

6 «а», 6 «ә» кл. жетекшісі К. Дангилова: - Балаларды шақырған жоқпын.

7 «б» класс кл. жетекшісі А. Тажина: - Барлығы 20 оқушы, 1-тоқсанда білім сапасы 45%, 2-тоқсанда білім сапасы 55%-ке көтерілді. Пән мұғалімдері оқушыларға қосымша тапсырма берді. 1-тоқсанда 2 үздік оқитын оқушы болса, 2-тоқсанның қорытындысы бойынша 3 үздік оқитын оқушы.

Мектеп директоры Н. Тәжин: - Үлгермейтін оқушылармен демалыс уақытында қандай жұмыс атқардыңыз?

7 «б» класс кл. жетекшісі А. Тажина: - 9 «б» класының оқушысы Серикова Дильназ қосымша сабаққа келіп жүрді.

7 «в», 11 «б» класс кл. жетекшісі И. Сураева: - 11 «б» класында білім сапасы 1-тоқсанда 0%, 2-тоқсанда 50%. 7 «в» класында 1-тоқсанда 36%, 2-тоқсанда 43%. Пән мұғалімдері оқушыларға қосымша тапсырмалар берді.

8 «б» класс кл. жетекшісі А. Байтемирова: - 1-тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасы 28%, 2 үздік, 3 екпінді оқушы. 2-тоқсанда білім сапасы 47%, 2 үздік, 7 оқу екпіндісі бар.

8 «в» класс кл. жетекшісі Г. Абсағиева: - 1-тоқсанда білім сапасы 25%, 2-тоқсанда 42%. 5 оқу екпіндісі бар. Әр оқушымен, ата-анамен сөйлестім. Алгебра, геометрия, физика пәндері бойынша ашық есік күндері ұйымдастырылды. Әр сабақтан кейін оқушылардың біліміне талдау жұмыстары жүргізілді.

Мектеп директоры Н. Тәжин: - Үлгермейтін оқушылармен демалыс уақытында қандай жұмыс атқардыңыз?

8 «в» класс кл. жетекшісі Г. Абсағиева: - Кластан қосымша сабаққа Берг Тимур келіп жүрді.

9 «б» класс кл. жетекшісі Г. Ахметова: - 1-тоқсанда білім сапасы 41%, 2-тоқсанда 58%. Айкишева А. алгебра, геометрия пәндерінен, Саматқызы Ж. қазақ әдебиеті пәнінен көтерілді. Қазір оқу екпінділері қатарында. Осы тоқсанда үздік оқитын оқушылар саны – 3.

Негізгі білім туралы үздік аттестатқа және «Алтын белгі» жалпы орта білім туралы аттестатқа үміткерлермен жүргізілген жұмыс туралы 9 «а» класының класс жетекшісі А. Сулейменова мәлімдеме жасады: -Класта үздік оқитын 2 оқушы бар: Каптысәлімова Сабина, Каратаева Нұрай. Даниярқызы Алуада 6,7,8-кластарда «4» деген баға болғандықтан үздік аттестатқа үміткер бола алмайды..

9 «б» класс жетекшісі Г. Ахметова мәлімдеме жасады: - 9 «б» класынан Қабыл Арайлым, Нұрлан Бақыт, Садыкова Жансая. Серикова Дильназда физикадан «4» бағасы шығып тұр.



9 «в» класс жетекшісі Н.Рахметова мәлімдеме жасады: - Класта 2 үздік оқитын оқушы бар. Олар: Тусупбекова Алина, Рыбина Анастасия.

11 «а» класс жетекшісі Г.Досымова мәлімдеме жасады: - «Алтын белгіге» үміткерлер Амангелді Сандуғаш, Жакыпбекова Алуа. Оқушылармен жұмыс жасалып жатыр. Сандуғашпен вацап арқылы жұмыс істеп жатырмыз.

«kundelik.kz» электронды журналының жағдайы туралы А.Туребаева мәлімдеме жасады: - Электронды журналға қойылған фо-ны өзгертпейміз. Қашықтықтан оқу барысында, қосымша білім беру жұмыстарын жүргізген уақытта дарын онлайн платформасын қолданасыздар. 15 желтоқсанда 11-кластарды тексеріп шықтым. Күнделікті қойылатын формативті бағалауды өзгертуге болмайды.

### **Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе ІІ тоқсан және І жартыжылдық бойынша оқу жұмысының қорытындысы. Оқу бағдарламаларының І жартыжылдықтағы орындалуы. І жартыжылдықтағы пәндер бойынша үлгермеушіліктің алдын алу туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусупова мәлімдеме жасады: - 2022-2023 оқу жылының І жартыжылдық қорытындысы төмендегідей:

2-кластар бойынша білім сапасы, 2 «а» класы 69%, 2 «ә» класы 62%, 2 «б» класы 60%.

3-кластар бойынша білім сапасы, 3 «а» класы 68%, 3 «ә» класы 69%, 3 «б» класы 53%, 3 «в» класы 59%.

4-кластар бойынша білім сапасы, 4 «а» класы 62%, 4 «б» класы 61%, 4 «в» класы 69%, 4 «г» класы 62%.

5-кластар бойынша білім сапасы, 5 «а» класы 72%, 5 «ә» класы 61%, 5 «б» класы 53%, 5 «в» класы 50%.

6-кластар бойынша білім сапасы, 6 «а» класы 60%, 6 «ә» класы 50%, 6 «б» класы 58%.

7-кластар бойынша білім сапасы, 7 «а» класы 74%, 7 «ә» класы 50%, 7 «б» класы 55%, 7 «в» класы 43%.

8-кластар бойынша білім сапасы, 8 «а» класы 63%, 8 «б» класы 47%, 8 «в» класы 42%.

9-кластар бойынша білім сапасы, 9 «а» класы 50%, 9 «б» класы 59%, 9 «в» класы 43%.

10-кластар бойынша білім сапасы, 10 «а» класы 64%, 10 «б» класы 50%.

11-кластар бойынша білім сапасы, 11 «а» класы 57%, 11 «б» класы 50%, 11 «а» класының оқушысы Бисекенова Асель үй жағдайында оқытылуы бойынша білім сапасының көрсеткіші 100%.

2022-2023 оқу жылының 1,2-тоқсандары бойынша 2-11-кластардың білім сапасының көрсеткіші келесідей.

2-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 61%, 2-тоқсанда 64%.

3-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 63%, 2-тоқсанда 63%.

4-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 65%, 2-тоқсанда 63%.

5-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 60%, 2-тоқсанда 60%.

6-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 46%, 2-тоқсанда 56%.

7-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 54%, 2-тоқсанда 57%.

8-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 45%, 2-тоқсанда 53%.

9-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 48%, 2-тоқсанда 53%.

10-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 54%, 2-тоқсанда 62%.

11-кластар бойынша 1-тоқсанда білім сапасы 44%, 2-тоқсанда 56%.

2021-2022 оқу жылының 2-тоқсаны мен 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанының білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші. Былтыр мектебіміз бойынша 2-тоқсанда білім сапасы 46% болса, биылғы оқу жылының 2-тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасы 59%-ке көтерілді.

2022-2023 оқу жылының 1,2-тоқсандары бойынша ЖМБ пәндерінің білім сапасының көрсеткіші.

Математика пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 64%, 2-тоқсанда 69%.

Алгебра пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 52%, 2-тоқсанда 63%.

Геометрия пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 50%, 2-тоқсанда 66%.

Физика пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 48%, 2-тоқсанда 63%.

Химия пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 73%, 2-тоқсанда 71%.

Биология пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 75%, 2-тоқсанда 71%.

География пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 89%, 2-тоқсанда 85%.

Информатика пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 90%, 2-тоқсанда 92%.

ЖМБ пәндерінің 1-тоқсан бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 68% болса, 2-тоқсан бойынша орташа көрсеткіш 73%.

2022-2023 оқу жылының 1,2-тоқсандары бойынша ҚГБ пәндерінің білім сапасының көрсеткіші.

Қазақ тілі пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 57%, 2-тоқсанда 73%.

Қазақ әдебиеті пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 67%, 2-тоқсанда 71%.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 72%, 2-тоқсанда 73%.

Орыс тілі пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 57%, 2-тоқсанда 68%.

Орыс әдебиеті пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 74%, 2-тоқсанда 74%.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 74%, 2-тоқсанда 73%.

Ағылшын тілі пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 71%, 2-тоқсанда 74%.

Қазақстан тарихы пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 74%, 2-тоқсанда 74%.

ҚГБ пәндерінің 1-тоқсан бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 68% болса, 2-тоқсан бойынша орташа көрсеткіш 76%.

2022-2023 оқу жылының 1,2-тоқсандары бойынша математика, алгебра, геометрия пәндерінің білім сапасы. Пән мұғалімі: Қ.Т.Имажанова.

Математика пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 58%, 2-тоқсанда 58%.

Алгебра пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 45%, 2-тоқсанда 69%.

Геометрия пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 51%, 2-тоқсанда 79%.

Математика пәнінің 1-тоқсан бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 51% болса, 2-тоқсан бойынша орташа көрсеткіш 69%.

2022-2023 оқу жылының 1,2-тоқсандары бойынша математика, алгебра, геометрия пәндерінің білім сапасы. Пән мұғалімі: У.Б.Ахметжанова.

8 «б» класы алгебра пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 39%, 2-тоқсанда 63%.

8 «б» класы геометрия пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 33%, 2-тоқсанда 58%.

Алгебра, геометрия пәндерінің 1-тоқсан бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 53% болса, 2-тоқсан бойынша орташа көрсеткіш 62%.

2022-2023 оқу жылының 1,2-тоқсандары бойынша физика пәнінің білім сапасы. Пән мұғалімі: А.К.Тажина.

Физика пәнінен 1-тоқсанда білім сапасы 48%, 2-тоқсанда 61%.



**Ұсыныс:** ФО бағаларын көбірек қою.

9-кластар бойынша үздік аттестатқа үміткерлер:

1.Каптысәліямова Сабина 9 «а» класы.

2.Каратаева Нұрай 9 «а» класы.

3.Қабыл Арайлым 9 «б» класы.

4.Нұрлан Бақыт 9 «б» класы (1-тоқсанда алгебра, физика пәндерінен «4» шықты).

5.Садыкова Жансая 9 «б» класы (1-тоқсанда алгебра, геометрия пәндерінен «4» шықты).

6.Серикова Дильназ 9 «б» класы (1-тоқсанда алгебра, физика пәндерінен «4» шықты, 2-тоқсанда физика пәнінен «4» шықты).

7.Рыбина Анастасия 9 «в» класы.

8.Тусупбекова Алина 9 «в» класы.

«Алтын белгіге» үміткерлер:

1.Амангелді Сандуғаш 11 «а» класы.

2.Жакыпбекова Алуа 11 «а» класы.

**Қорытынды:**

- 2022-2023 оқу жылының ІІ жартыжылдығында ІІ тоқсанның нәтижелерінен төмен түспей, оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет.

- Білім сапасы 50% төмен кластарда жүйелі жұмыс жалғастыру қажет: 7в, 8б, 8в, 9в.

- Негізгі білім туралы үздік аттестатқа үміткерлермен (Нұрлан Бақыт, Садыкова Жансая, Серикова Дильназ, Тусупбекова Алина) класс жетекшілері және пән мұғалімдері жүргізетін жұмыстарын бақылауға алу қажет.

«Мектепшілік және аудандық пән олимпиадасының қорытындысы» туралы ЖМБ пәндерінің ӘБ жетекшісі Д.Ахметов:

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік пән олимпиадасы 2022 жылғы 16,17 қарашада қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, математика, физика, информатика, химия, биология, география, Қазақстан тарихы, құқық пәндері бойынша өткізілді.

Олимпиаданың мақсаты –

Оқушылардың пәндік білімдерін тереңдету;

Оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру;

Ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру;

Дарынды балаларды айқындау;

Оқушыларды аймақтық және облыстық олимпиадаға іріктеу және дайындау.

Әр пән олимпиадасын өткізу үшін жұмыс кестесі жасалып, әр пән бойынша комиссия мүшелері бекітілді. Оқушыларға алдын ала олимпиада ережелері түсіндіріліп, нұсқау жұмыстары жүргізілді.

Олимпиадаға 11 пән бойынша 9 - 11 сыныптардан 98 оқушы қатысты, оның ішінде жаратылыстану бағыттағы пәндер: математика пәні бойынша – 12 оқушы, физика пәні бойынша – 8 оқушы, информатика пәні бойынша – 5 оқушы, химия пәні бойынша – 20 оқушы, биология пәні бойынша – 11 оқушы, география пәні бойынша – 13 оқушы қатысып өз білім деңгейлерін көрсетті.

Мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша 71 оқушы жүлделі І – ІІІ орындарға ие болып, мақтау грамоталарымен марапатталса, 4 оқушы олимпиадада жақсы білім көрсеткені үшін алғыс қағазымен марапатталды. Соның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер: математика -7 оқушы, информатика – 5 оқушы, физика – 5 оқушы, химия – 10 оқушы, биология – 8 оқушы,



география – 12 оқушы жүлделі орындарды иеленді. 9 – 11 кластар арасында өткізілуге тиіс аудандық олимпиада ауа-райына байланысты кейінге қалдырылды.

Жалпы орта білім беретін мектеп базасында 2022 жылғы 14 желтоқсанда 5 – 6 кластарға арналған республикалық пәндік олимпиадасының мектепшілік кезеңіне, математика пәні бойынша – 7 оқушы, жаратылыстану пәні бойынша -15 оқушы қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша математика пәнінен – 4 оқушы, жаратылыстану пәнінен – 3 оқушы жүлделі I орын алып, республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне жолдама алды.

2022 жылғы 15 желтоқсан күні А.Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің базасында 5-6 кластарға арналған республикалық пәндік олимпиадасының аудандық кезеңі өткізілді.

Олимпиада қорытындысы бойынша 6 «А» класс оқушысы Ашимов Нұрдаулет – математика пәнінен I орынға ие болды, пән мұғалімі Ахметжанова Ү.Б. 6 «Ә» класс оқушысы Рамазан Ерасыл – жаратылыстану пәнінен I орынға ие болды, пән мұғалімі Сарқытбаева Г.Ж. 6 «Б» класс оқушысы Айтпай Таймурат – математика пәнінен II орынға ие болды, пән мұғалімі Имажанова Қ.Т. 5 «В» класс оқушысы Оракбай Гульчехра - математика пәнінен III орынға ие болды.

Аудандық кезеңде 1-орын алған оқушылар 6 «А» класс оқушысы Ашимов Нұрдаулет пен 6 «Ә» класс оқушысы Рамазан Ерасыл 2022 жылдың 21 желтоқсан күні республикалық пәндік олимпиадасының облыстық кезеңіне қатысып, 6 «Ә» класс оқушысы Рамазан Ерасыл жүлделі III орынға ие болды, пән мұғалімі Сарқытбаева Г.Ж.

ҚГБ пәндерінің ӘБ жетекшісі Н.Рахметова:

- Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 9-11 класс оқушыларының мектепшілік олимпиадасын өткізу 11-21 қараша аралығында жоспарланды. Тапсырмалар әзірленіп, бекітілді.

Олимпиада мақсаты:

- Оқушылардың пәндік білімдерін тереңдету;
- Оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру;
- Ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру;
- Дарынды балаларды айқындау;
- Оқушыларды аймақтық және облыстық олимпиадаға іріктеу және дайындау

Қоғамдық гуманитарлық пәндер бойынша олимпиада қарашаның 16-17 күндері жоспар бойынша өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен мектепшілік кезеңге 5 оқушы, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 7 оқушы, ағылшын тілінен 4 оқушы, Қазақстан тарихы пәнінен 10 оқушы және құқық негіздері пәнінен 2 оқушы қатысты. Барлығы 28 оқушы. Орындалған тапсырмалар тексеріліп, нәтижесі Гулим Асығатовнаға тапсырылды. Олимпиада қорытындысы бойынша барлық оқушы жүлделі орындарға ие болды. I орынға 14 оқушы ие болды. Олар:

Қазақ тілінен Нұрлан Бақыт - мұғалімі Султанова Г.М.

Аканова Арайлым, Амангелді Сандуғаш - Досымова Г.Х.

Орыс тілінен Мирахманова Анель - Алиева Г.С.

Рыбина Настя, Мирахманова Жанель - Рахметова Н.К.

Ағылшын тілінен Болат Аңсар - Шугаева Г.С.

Данияркызы Алуа, Иманов Еркін - Сулейменова А.Б.

Қазақстан тарихынан Серикова Дильназ, Жакыпбекова Алуа, Нурхамит Мерей – Ахметова Г.К.



Құқық негіздері пәнінен Туленова Медина, Арманқызы Әлия - Абсағиева Г.К.  
Осы оқушыларға аудандық кезеңге сұраныс берілді.

14 желтоқсан күні 5-6 кластарға арналған республикалық пәндік олимпиадасының гуманитарлық пәндер бойынша мектепішілік кезеңін өткіздік. Оған 39 оқушы қатысты. Оның ішінен I орынды иеленген 13 оқушы анықталып, 15 желтоқсан күні Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің базасында аудандық кезеңіне қатысып, 9 оқушы жүлделі I, II, III орындарға ие болды. I орынға ие болған 3 оқушы облыстық кезеңіне қатысты. Олар: Бекқазы Айбар ағылшын тілінен, Сағындық Айым орыс тілінен және Сембаева Айша қазақ тілінен. Облыстық кезеңде Бекқазы Айбар, 5 в класс оқушысы III орынды иеленді. Мұғалімі: Сураева Ирина Петровна.

6 «ә» класындағы Lesson study зерттеуінің нәтижесі, сараптамасы. Жоспар мен ұсыныстар туралы А.Тажина, Ф.Жумабаева мәлімдеме жасады:

- Еліміздің болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың болашағы – ұстаздардың қолында. Ел мен елді, халық пен халықты теңестіретін нәрсе, ол – білім» -деп ұлы тұлға М. Әуезов айтып кеткендей, білім – бұл қоғамның ең жауапты, ең қастерлі саласы. Қазақстанның оқыту үрдісіне енгізіліп жатқан Lesson study зерттеу сабағы болып табылады. Теория бойынша, Лессон Стади зерттеу сабағыны оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына ықпал ететін педагогикалық тәсіл, яғни оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятып, білім сапасын арттыруда тиімді тәсіл екенімен танысқаннан кейін, рефлексивтік-практик ретінде осы зерттеу сабағын тәжірибеге енгізсек, өзіміздегі өзекті проблеманың шешуін табады екенбіз деген ойға келдік.

Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерден тұратын фокус-топ құрылды. Модераторлар: Тажина А. К, Жұмабаева.Ф.К, Рахметова.Н.К “Lesson Study” бойынша сертификатталған маман. Мектеп тренерлері: Дангилова.К.А, Уткелбаева.А.М.

Зерттеу тақырыбы: Білім сапасын арттыруда сабақты зерттеудің маңызы.

Зерттеу мәселесі: Оқушылардың ынтасын төмендеуі.

Зерттелетін сынып: 6 «ә».

Зерттеу сабағын жүргізетін мұғалімдер тобының ортақ мақсаты: Оқушылардың білім деңгейін көтеру, білім сапасын арттыру және оқыту әдістемесін жетілдіру.

Оқушылар үшін мақсаты: Тиімді әдістерді қолданып, оқушыны белсенді оқытуды ұйымдастыру (А,В,С)

Күтілетін нәтиже:

оқытуда жұптық, топтық жұмысты қолданып, оқушылардың ынтасын көтеру: - болашақта білім беру мен оқыту сапасын арттыру үшін оқушылардың жағымды ынтымақтастық орта құру.

Lesson study-дің басты мақсаты: Оқушыларға білім алуға көмектесу;

Топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету.

Зерттеу сабағын жүргізу үшін:

– L.S. зерттеу тобын құрдық. Зерттеу тобында осы бағдарламаны игерген мұғалімдермен қоса, сынып жетекші және психолог мамандар болды.

– Зерттейтін сыныпты таңдауда, пән мұғалімдерімен бірлесе ақылдаса отырып, зерттеуге 6«Ә» сыныбын алдық. Себебі, ол сыныпта бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа көшкенде әртүрлі мұғалімдерге бейімделуінде қиындықтар болды. Зерттелетін пәндерді мұғалімдердің ұсынысы бойынша



1. Қазақ тілі;
2. Қазақстан тарихы;
3. Орыс тілі.

Лессон Стади зерттеу тобының мүшелерінің қатарындағы мұғалімдері осы 6 Ә сыныпта сабақ береді. Олар: А.М.Байтемирова орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, К. А. Дангилова қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, А. А. Абсағиева тарих мұғалімі. Мұғалімдермен ақылдаса келе жұмыс жоспары бекітілді.

Лессон Стади зерттеу тобында жұмыс жасайтын мұғалімдер болып сабақтың тақырыптарын анықтадық, сабақтың тақырыптарын анықтап болғаннан кейін бірінші сабақ жоспары құрылды, сабақ жоспарын құру барысында сыни тұрғысынан ойлауға арналған, өмірмен байланысы бар тапсырмаларды қарастыру ұсынысы жасалынды, осы ұсыныстар ескерілді.

Бақылауға 3 оқушыны таңдап алдық. Олар:

1. А оқушы – Самет Фариза үлгерімі жақсы оқушы.
2. В оқушы Мирахманова Асель – үлгерімі екпінді оқушы.
3. С оқушы Ораз Шынғыс – үлгерімі төмен оқушы

– Келесі қадам – осы сыныптағы проблеманы анықтау болды. Осы мақсатта осы сыныпқа сабақ беретін негізгі пән мұғалімдері сабақтағы проблемаларын Лессон Стади бұрышына жазып, бірнеше проблемалар анықталды. Одан кейін зерттеуші топтың отырысы болды. Бұл отырыста осы бірнеше проблемадан ортақ проблема шығарылды. Ортақ негізгі проблеманы: «Мәтінмен жұмыс істеу арқылы оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыру» – деп алдық.

– Зерттелетін пәндердің пән мұғалімдерімен, сынып жетекші және психолог мамандар бірігіп, бақыланатын оқушыларды анықтады. Мұнда А оқушысы – сабақты жақсы оқиды, бірақ өзіндегі ақпаратпен бөліспейді. В оқушысы – сабақта үлгерімі ортадан жоғары, мінезі тұйық, бірақ ұқыпты, белсенділік танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап беретін оқушы. Ал С оқушысы – деңгейі төмен, сабаққа қызығушылығы жоқ, сылтау тауып сабақтан қалуға тырысып отыратын оқушы.

– Сынып жетекші мен психолог мамандардың көмегімен 6 «ә» сынып оқушыларының оқылым дағдыларының деңгейін анықтайтын сауалнама құрастырылып, алынды.

– Проблеманы шешу үшін «Оқушылардың оқылым дағдысын қалай қалыптастыруға болады?», «Ол үшін қалай жұмыс жасаймыз?», «Қандай әдіс-тәсілді қолданамыз?» – деген сұрақтар айналасында талқылау жасалынды. Осы талқылаудағы ұсыныстарды және оқушы үнін ескере отырып, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Кенжегүл Ә. №1 зерттеу сабағының жоспарын жасап келді.

– Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Кенжегүл Әділшарифқызының №1 зерттеу сабағының жоспарын талқыладық та, талқылау барысында тағы да ұсыныстар айтылды. Осы ұсыныстарды ескеріп, қайта жоспарладық. Біз бұнда оқылым дағдысын қалыптастыруды басты назарда ұстадық. Қазақ тілінің бірінші сабағының тақырыбы: Бәйтерек монументі. Сабақ барысында оқушылар жеке, жұпта жұмыс істеді. Жеке жұмыста оқушылар оқылым мәтіні бойынша сұрақтар құрастырып, өзара тексерді. Грамматикалық тақырып - Кәсіби сөздер туралы өз тарапынан түсіндірілді. Сабақты бекіту мақсатында тақтада А,В,С деңгейіндегі оқушылар мәтіннен кәсіби сөздерді теріп, сөйлем құрастырды. С деңгейіндегі оқушы басқа оқушының көмегімен тапсырманы орындады. Кеспе қағаздар бойынша жұпта жұмыс атқарды. Кеспе қағаздарда берілген сөйлемдердің орфографиялық, пунктуациялық қателерін анықтады. Бұл жұпта өзара бірлесе жұмыс істеуіне септігін тигізді. Оқушылардан



кері байланыс алғанда келесі сабақта топтық жұмыс түрін ұйымдастырып, оқушылардың қажеттіліктерін саралай отырып, деңгейлік тапсырмаларды ойластыруды ұйғардым. Жалпы сабақта оқушылар белсенді қатысты. Жеке, жұптық жұмыс түрлері болғандықтан, тапсырманы орындауға барлығы атсалысты. Сабақ өз мақсатына жетті деп ойлаймын.

– №1 зерттеу сабағыны талдау жүргізілді, бақылаудағы оқушылардың іс-әрекеті талданып, сабақтың сәтті, сәтсіз тұстарын анықтадық та, сәтсіз тұстары бойынша қайта жоспарлап, зерттелетін 2-ші пән бойынша №2 зерттеу сабағының жоспарын бірлесе құрдық. Әрине, мұнда «оқушы үнін» ескеріп отырдық. Ал оқушыларды бақылауда мұғалімдердің бақылау дағдысы қалыптасқанша бір оқушыны бақылайтын екі бақылаушы болды.

Екінші сабақтың тақырыбы: Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры. Диалект сөздер. Бұл сабақты құрастыру барысында А,В,С деңгейіндегі оқушылардың қабілеттеріне қарай деңгейлік тапсырма ұйымдастыруды басты назарға алынды. Сабақ басында

«Сыртқы, ішкі шеңбер» әдісі бойынша үй жұмысын, өткен тақырыпты оқушылар пысықтады. Оқушылар термин, неологизм, кәсіби сөздер бойынша білетіндерін өзара талқыға салып, жетекші сұрақтар арқылы дұрыс жауап берген, жақсы мысал келтірген оқушыларды анықтап, қорытындылады. Сабақ тақырыбын болжау мақсатында экранда берілген сөздердің мағынасын ашып, қай салада қолданылатынын айтты. Оқылым мәтіні бойынша стиль түрін анықтап, жұпта сұрақтар құрастырды. Бұл жолы сұрақтардың дұрыс құрылуына басты назар аударып, бір-бірлерін толықтырып, түзетіп отырды.

– Осы қадамдар бойынша №3 зерттеу сабағын да бірлесе жоспарлап, №2 зерттеу сабағының сәтсіз тұстарын ескеріп, қайта жоспарлап өткіздік.

№2 зерттеу Қазақстан тарихы пәні болды. Пән мұғалімі Айдана Абаевна. Қараша айының 24-күні 6 «ә» сыныбымен Қазақстан тарихы пәнінен «Қыпшақ мемлекеті» тақырыбында lesson study үдерісі бойынша сабақ өтті. Сабақ жоспарын бірлесіп құру арқылы білім деңгейлеріне сай тапсырмалар, әдіс-тәсілдер қолданылды. Оқу мақсаты үш деңгейде қойылды. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді қолданды. «Ой түрткі» әдісі арқылы оқушылардың өткен сабақты меңгергендігін байқадым. Сабақ барысында «мәтінмен жұмыс» әдісі арқылы оқушылар жеке тапсырмалар тез орындалатынын түсініп, тапсырмалар орындады.

Желтоқсан айының 1 күні 6 «ә» сыныбымен «Қыпшақ хандығы» тақырыбына арналды. Бұл сабақта қолданған «Миға шабуыл» әдісі ұтымды болды.

Біздің зерттеуге алынған оқушылар өз деңгейлеріне сай тапсырманы тыңғылықты орындады. Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларымен жұмыс жүрді. Сабақ соңында оқушы сабақта алған әсерін рефлексиялық кестеге толтырды. Сабақтың артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталды. Мұғалім жалпы сыныпқа бағалау жүргізді. Сабақ өз мақсатына жетті.

Lesson study үдерісі бойынша өткізілген сабақтардағы тапсырмалар жас ерекшелік және білім деңгейлеріне сай орындалды. Оқушылар оқу мақсатына жете алды.

Сәтті тұсына оқушылардың топтық жұмыстағы белсенділігі, тапсырмаларды тиянақты орындауы, тиімді кері байланысты жатқызуға болады.

Қазақ және орыс тілі сабақтарында оқушылардың тапсырмаларды оңай орындайтыны атап өтілді. Тарих сұрақтарына жауап берулері қиынырақ болды. Мұғалім қойған сұрақтардың мәніне назар аударылмауы. Мәтіндерді жақсы оқиды, тек «С» оқушы дауысы ақырын оқыды. Сабақтан кейін бірлескен талқылау кезінде кейбір



стратегиялар оқушыларға қиындық туғызғанын ескердік. Оқушылармен сұхбат жүргізілді. "Қандай тапсырма ұнады?" оқушылардың көпшілігі "миға шабуыл" қабылдауын таңдады. Сабақтың кемшіліктері атап өтілді: барлық оқушылар жұмысқа тартылған жоқ. Тапсырманың күрделілігі "С" тобы оқушыларының белсенділігіне кедергі келтірді.

Фокус-топтың екінші отырысында мұғалімдер оқытуға келесі өзгерістерді енгізуді ұсынды: психологиялық көзқарас, топтық жұмыс, деңгейлік тапсырмалар, оқушылардың өзіндік жұмысы, формативті бағалау, рефлексия. Қазақ тілінің екінші сабағын өткізу кезінде мұғалім деңгейлік тапсырмалар жасады. А және В оқушылары тапсырмаларды орындады. С оқушы да мұғалімнің бір нұсқауымен тапсырманы орындады. Орыс тілі сабағында барлығы белсенді болды. Етістіктерді еркін біріктірді. Сабақтың бірінші және екінші циклін талдағаннан кейін мұғалімдер сабақта белсенділік танытқан, түсінетін, сенімдірек сезінетін, сұрақтарға неғұрлым егжей-тегжейлі жауаптар берген "С" тобының оқушыларына ашық жауап пен көрнекі бейнелері бар тапсырмалар жанды жауап беретінін байқады.

Үшінші сабақты жоспарлау мұғалімдердің пікірлері мен "оқушылардың дауысын" ескере отырып, оқушылар мен мұғалімнің тілектерін зерттей отырып, әлсіз жақтарын зерттеу және күшті жақтарын күшейту негізінде жасалды. Фокус-топ сабаққа келесі өзгерістерді енгізуге шешім қабылдады: психологиялық көзқарас, үй тапсырмасын талқылау, миға шабуыл, топтық жұмыс, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, өзін-өзі бағалау, критериалды бағалау және рефлексия. Тарих пәнінің мұғалімі Айдана Абайқызы тақырыпты зерттеу процесінің қажеттіліктеріне сәйкес сұрақтарды жақсы таңдады. Ол сабақта диалог мүмкіндіктерін толығымен пайдаланды. Топтық жұмыс сапалы ұйымдастырылды, тапсырмалар мен жұмыс түрлері барлық оқушылардың инклюзиясын ескере отырып ойластырылды. АКТ қолдану сабақ материалын тиімді игеруге ықпал етті.

Үшінші сабақта орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А. М. Байтемирова сабақтың әр кезеңінде тиімді диалог құрады. Тапсырмалар оқу материалын түсінуді дамытуға ықпал етті, критерийлер тапсырмаға сәйкес келді және ынталандырды.

Сонымен, бір топ мұғалімдер қатарынан 3 сабаққа қатысты. Зерттелген 3 оқушының бақылаулары көптеген маңызды сәттерді анықтады. Атап айтқанда, оқушылар топта жұмыс істеуді, жолдастарының пікірлерін тыңдауды, сыныптастарының жұмысын және өздерін бағалауды үйренді. Біз сабақта оқушылардың ақыл-ой әрекетін дамытуға мүмкіндік бердік, сыныпта бірлескен орта құрдық, бұрын байқалмаған көшбасшыларды анықтадық. Олар өздерінің рефлексиясында өз жұмыстарына риза екендіктерін жазды және мұндай сабақтар көп болсын деп атап жазып кетті.

**Ұсыныс:** Әр пән бойынша әртүрлі әдіс-тәсілдер мен деңгейлік тапсырмаларды қолдану. Жұптық және топтық жұмысты ұйымдастыру.

Бастауыш 2-4 сынып оқушыларының оқу қарқынын зерделеу жайлы бастауыш сынып ӘБ жетекшісі А.Рыспаева мәлімдеме жасады:

- 2-4 сынып оқушыларынан оқу жылдамдығы алынды.

2-класта оқушы 40-50 сөз оқу керек. 2 «а» класында 61%, 2 «ә» класында 54%. Анықтама жазған бастауыш сынып мұғалімі Н.Т.Байкадамова.

3-класта оқушы 60-70 сөз оқу керек. 3 «а» класында 75%, 3 «ә» класында 81%, 3 «б» класында 26%. Анықтама жазған бастауыш сынып мұғалімі Н.Ф.Шамбекова.

4-класта оқушы 80-90 сөз оқу керек. 4 «а» класында 67%, 4 «б» класында 79%. Анықтама жазған бастауыш сынып мұғалімі А.Т.Байтурова.



Орыс сыныптары бойынша оқу жылдамдығының көрсеткіші:

2 «б» класында 65%,

3 «в» класында 68%,

4 «в» класында 85%,

4 «г» класында 83%. Анықтама жазған бастауыш сынып мұғалімі С.Т.Садвокасова.

**Ұсыныс:** 3 «в» класы оқу жылдамдығы бойынша 26% төмен көрсеткіш көрсетті. Қаңтар айына қайта оқу жылдамдығын алуды жоспарлап отырмыз.

4 «в» класы оқу жылдамдығы бойынша 85% жоғары көрсеткіш көрсетті.

Мектеп директоры Н.Тәжин: - 3 «в» класында оқу жылдамдығы неліктен төмен?

3 «в» класының класс жетекшісі Ж.Өнербек: - 1,2 баламен оқу жылдамдығы бойынша жұмыс атқарамын.

Өртүрлі мәселелер қаралды. Директордың ҒӘЖ жөніндегі орынбасары Б.А.Жусупова: - Өткен тоқсанда дәптер тексерілді. Сонымен қатар, КТЖ мен ҚМЖ тексерілді. Әр сабаққа жазылған ҚМЖ-да жеке оқушылардың білімін саралап жазылған болу керек. Әр ҚМЖ-ны өзіміздің оқушыларға арналып жазылған болу керек. Дәптер тексеру әрі қарай жалғасады. 2-4-класс оқушыларының оқу жылдамдықтары тексерілді. Ай сайын оқушылардың жылдамдықтары тексеріледі, бақылауға алынады.

Осы тоқсанда өтетін апталықтар кестесі құрылды:

- Эстетикалық сауаттылық апталығы 16-24 қаңтар аралығында.
- Қоғамдық гуманитарлық пәндерінің онкүндігі 30 қаңтардан 10 ақпанға дейін өтеді.
- Бастауыш сынып апталығы 13-24 ақпанда өтеді.
- ЖМБ пәндерінің апталығы 27 ақпаннан 7 наурызға дейін өтеді.
- Жас маман апталығы 4-тоқсанға жоспарланып отыр.
- Мектепалды даярлық тобының апталығы мамырдың соңына жоспарланды.

Апталық сайын әр мұғалім авторлық жұмыс ұсынады. Музыка пәнінің мұғалімі Садвокасов А.У. пен бастауыш сынып мұғалімі Рыспаева А.Б. авторлық бағдарламалары «Үздік авторлық бағдарлама» сайысының облыстық кезеңіне жолданды.

Дәптер жүргізу ережесі таныстырылды. Ережені қабылдау үшін дауысқа салынды. Барлық педагогтар қолдады.

## Қаулы етті:

1. 2022-2023 оқу жылының II жартыжылдығында II тоқсанның нәтижелерінен төмен түспей, оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.  
Білім сапасы 50% төмен кластарда жүйелі жұмыс жалғастыру қажет: 7 «в», 8 «б», 8 «в», 9 «в».  
Негізгі білім туралы үздік аттестатқа үміткерлермен (Нұрлан Бақыт, Садыкова Жансая, Серикова Дильназ, Тусупбекова Алина) класс жетекшілері және пән мұғалімдері жүргізетін жұмыстары бақылауға алынсын. Жұмыс барысын қадағалау директордың орынбасары Г.Тусуповаға жүктелсін.
2. Пән олимпиадасына дарынды оқушылармен күрделі және жүйелі түрде дайындық жұмыстары жүргізілсін. Жұмысты қадағалау және ұйымдастыру оқу ісі жөніндегі орынбасары мен ӘБ жетекшілеріне жүктелсін.

3. Lesson study зерттеуінің нәтижесі бойынша оқушыларға білім алуға көмек, білім сапасын арттыру мақсатында 6 «ә» класында әр пән бойынша әртүрлі әдіс-тәсілдер мен деңгейлік тапсырмалар қолданылсын, жұптық және топтық жұмыстар жалғастырылсын. 2-тоқсан қорытындысы бойынша төмен білім сапасын көрсеткен кластарда Lesson study зерттеу жұмыстары жүргізілсін. Жұмыс барысын ұйымдастыру зерттеу тобының координаторлары А.Тажина мен Ф.Жумабаеваға, мектеп тренерлері Дангилова.К., Рахметова Н., Уткелбаева.А. және жұмысты қадағалау директордың орынбасары Б.Жусуповаға жүктеледі.
4. Бастауыш 2-4 класс оқушыларының оқу жылдамдығын тежейтін қиындықтар мен кедергілерді анықтап, жұмыс түрлері ұйымдастырылсын. Жұмысты ұйымдастыру мен қадағалау бірлестік жетекшісі А.Рыспаеваға жүктелсін.
5. Оқушылардың жұмыс дәптерлерін тексеру мен жүргізу ережесі бекітілсін. Жұмысты орындау директордың орынбасарлары Б.Жусупова мен Г.Тусуповаға жүктелсін.

Төраға:

Н.Тәжин

Хатшы:

А.Уткельбаева





## 2022-2023 оқу жылындағы кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

2023 ж. "15" ақпан

Төрағасы – Тәжин Нұрлан Есіркепұлы

Хатшы – Уткельбаева Айгуль Макажановна

Қатысқандар: 21 адам.

### Күн тәртібі:

1. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы

### Тыңдалды:

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» КММ директоры Тәжин Нұрлан Есіркепұлының педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары негізінде 21-қосымшаға сәйкес жұмыс тиімділігінің көрсеткіштеріне кол жеткізу жөніндегі кестесіне құжаттар толтырылды, жалпы жинаған 52,5 балл. Қызмет қорытындыларын кешенді талдамасы тыңдалды: мектеп-гимназиясының сайты және Facebook әлеуметтік желісі жүйелі түрде жүргізіледі, мектепте өткізілген іс-шаралар қолжетімді. Ерекше білімді қажет ететін балалармен психолог, логопед, әлеуметтік педагог жоспарлы жұмыс атқарады. 2022-2023 оқу жылының I жартыжылдығында білім сапасы 59% құрады. Жыл сайын түлектер «Алтын белгі» төсбелгі иегері атанады, 2021-2022 оқу жылында «Алтын белгі» иегері 5 оқушы ЖОО грантын иеленді. «Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» КММ 2020 жылы Ақмола облысы бойынша «Орта білім беретін үздік ұйым» облыстық конкурсының жеңімпазы, 22 627 000 теңге грант иегері. 2022 жылы Аудандық «Жігер» жазғы спартакиадасында жүлделі 1-орын мен 500 000 теңге сертификатына ие болды.

Нұрлан Есіркепұлы – білімі жоғары, педагогикалық еңбек өтілі 37 жыл, аталған мекемені 16 жыл басқарып келеді. 2022 жылы «Инновационный менеджмент в контексте цифровой трансформации» біліктілікті арттыру курсына оқыған.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» КММ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ашимова Гульмира Каримжановнаның басшының орынбасары аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары негізінде 22-қосымшаға

сәйкес жұмыс тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі кестесіне құжаттар толтырылды, жалпы жинаған 23 балл. Қызмет қорытындыларын кешенді талдамасы тыңдалды: мектеп-гимназиясының сайты және Facebook әлеуметтік желісі жүйелі түрде жүргізіледі, мектепте өткізілген іс-шаралар қолжетімді. Ерекше білімді қажет ететін балалармен психолог, логопед, әлеуметтік педагог бірлесіп жоспарлы жұмыс атқарады.

Гульмира Каримжановна – білімі жоғары, педагогикалық еңбек өтілі 18 жыл, оның ішінде 14 аталған мекемеде директордың орынбасары лауазымында. Бүгінгі күні басшының орынбасары ретінде үшінші біліктілік санаты бар. 2022 жылы «Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмаған балалар арасында суицидті мінез-құлықтың және зорлық-зомбылықтың алдын алу» біліктілікті арттыру курсына оқыған.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын растауға үміткер педагог химия пәнінің мұғалімі Ахметов Данияр Муратовичтің сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын қарап, сараптама жүргізілді. Данияр Муратовичтің «педагог-зерттеуші» санаты бар, курстан өткен, пән олимпиадасына өзі де, оқушылары да қатысқан және дипломмен марапатталды. Жаңа ережеге сәйкес өткізген сабақтарына әдіскер мен педагогтердің оң пікірлері бар. Оқушылармен жақсы қарым-қатынаста, химия пәнін таңдаған оқушылармен аянбай еңбек етеді. Қажырлы еңбегінің арқасында мектеп түлектерінің ҰБТ нәтижелері жоғары, медицина университеттерінде оқып жүрген оқушылары бар. Ізін басып келе жатқан шәкірттері де бар – Ләкетқызы Махаббат Қорғалжын ауылының А.Толубаев орта мектебінде химия пәнінің мұғалімі. Бүгінгі таңда «7 кластар үшін химия пәнінен тест тапсырмалары мен есептер» жинақ кітапшасын дайындауда.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша мерзімнен бұрын біліктілік санатын растауға үміткер педагог дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жакенов Мадияр Ерболатұлы сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын қарап, сараптама жүргізілді. Мадияр Ерболатұлының «педагог-сарапшы» санаты бар, курстан өткен, оқушылары футболдан аудандық жарыстарының жеңімпаздары, ал облыстық кезеңдегі жарыстарға қатысушы. Кәсіби конкурстарға қатысуы ұсынылды.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер педагог информатика пәнінің мұғалімі Сураганова Гульнур Муканмидяровнаның сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын қарап, сараптама жүргізілді. Гульнур Муканмидяровнаның санаты жоқ, «педагог-модератор» санатына өтініш білдірді. Білімі жоғары, педагогикалық өтілі 4 жыл. Сырттай



мұғалімдер олимпиадасына қатысқан, аудандық пән олимпиадасына оқушылары қатысып, III орын дипломымен марапатталды. Жаңа ережеге сәйкес өткізген сабақтарына «педагог-зерттеуші» Рыспаева Аяғоз Бактыгельдиевна талдамаларын жазған және педагогтер мен ата-ананың оң пікірлері бар. Оқушылармен жақсы қарым-қатынаста, ата-аналары да сыйлайды. Мектепшілік іс-шараларға белсенді қатысады. Пән бойынша курстан өтуі ұсынылды.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер педагог ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Сураева Ирина Петровнаның сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын қарап, сараптама жүргізілді. Ирина Петровна ескі форматта екінші санаты бар, курстан өткен, пән олимпиадасына оқушылары қатысқан және дипломмен марапатталған. Жаңа ережеге сәйкес өткізген сабақтарына «педагог-зерттеуші» Алиева Гулим Сериковна талдамаларын жазған және әріптестерінің оң пікірлері бар.

Оқушылары 5-6 кластарға арналған республикалық пәндік олимпиадасының мектепшілік және аудандық кезеңдерінде жүлдері орынға ие және облыстық кезеңде Бекқазы Айбар 3-дәрежелі жүлдеге ие болды. Оқушылармен жақсы қарым-қатынаста, ата-аналары да сыйлайды. Мектепшілік және аудандық іс-шараларға белсенді қатысады. 2022 жылы Ирина Петровна «Үздік педагог» мектепшілік кезеңде II орынды иеленіп, аудандық кезеңде жеңімпаз атанып, облыстық кезеңге қатысты.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер педагог ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Шугаева Гулбаршын Сапарбекқызының сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын қарап, сараптама жүргізілді. Гулбаршын Сапарбекқызының санаты жоқ, курстан өткен, педагогикалық өтілі 5 жыл. Оқушылары 5-6 кластарға арналған республикалық пәндік олимпиадасының мектепшілік және аудандық кезеңдерінде жүлдері орынға ие, «World of Best» республикалық дамыту орталығы ұйымдастырған пән олимпиадасына қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Жаңа ережеге сәйкес өткізген сабақтарына «педагог-зерттеуші» Султанова Гулден Макышовна бақылау парағын жазған және педагогтердің оң пікірлері бар. Оқушылармен жақсы қарым-қатынаста, ата-аналары да сыйлайды. Мектепшілік және аудандық іс-шараларға белсенді қатысады.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер педагог дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Мусин Дархан Амангелдіұлының сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын қарап, сараптама жүргізілді. Дархан Амангелдіұлының екінші санаты бар, курстан өткен жоқ,

педагогикалық өтілі 10 жыл. Оқушылары үстел теннисінен мектепшілік және аудандық кезеңдерінде өткізілген жарыстарда жүлдері орындарға ие, өзі де волейболдан жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Жаңа ережеге сәйкес өткізген сабақтарына «педагог-зерттеуші» Садвокасов Аскар Урикбаевич пен Жумабаева Фатима Кыпшакбаевна бақылау парақтарын жазған және педагогтердің оң пікірлері бар. Сонымен қоса, Дархан Амангелдіұлы өнерге жақын адам болғандықтан мектепшілік және аудандық мәдени іс-шараларға белсенді қатысады.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер педагог дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Әубәкір Жұмабек Қабиденұлының сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын карап, сараптама жүргізілді. Жұмабек Қабиденұлының санаты жоқ, курстан өткен, педагогикалық өтілі 12 жыл. Оқушылары аудандық Президенттік көпсайыс жарыстарында жүлделі орындарға ие. Сонымен қоса Жұмабек Қабиденұлы облыстық «Қазақ ұлттық ойындары» байқауында тоғызқумалақ номинациясы бойынша II орынға ие. Жаңа ережеге сәйкес өткізген сабақтарына «педагог-зерттеуші» Садвокасов Аскар Урикбаевич пен Жумабаева Фатима Кыпшакбаевна бақылау парақтарын жазған және педагогтердің оң пікірлері бар. 2019 жылы Жұмабек Қабиденұлы «Үздік педагог» мектепшілік кезеңде III орынды иеленді. Мектепшілік, аудандық сайыстарға белсене қатысады.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер педагог тарих пәнінің мұғалімі Абсағиева Айдана Абайқызының сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын карап, сараптама жүргізілді. Айдана Абайқызының санаты жоқ, курстан өткен, педагогикалық өтілі 7 жыл. Оқушылары «Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиадасының қатысушылары. 2023 жылы 7-8 сыныптар арасында өткен аудандық жалпы пәндер олимпиадасында Қазақстан тарихы пәнінен 2-орын алған Баешев Нияз, 5-6 кластар арасында аудандық олимпиадасында Панченко Анастасия 3-орынға ие болды. «Жас тарихшылар мен өлкетанушылардың аудандық форумында» Зейнуллина Айсана II орынды иеленді. Аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің өткізген «Жастардың бұрынғы келбеті» атты эссе байқауына қатысканы үшін Айдана Абайқызы алғыс хатпен марапатталды. Өз тәжірибесін тарату мақсатында «Білім әлемі» баспа бетіне «Тарих пәнінен білім берудің сапасын жетілдіру жолдары» өз мақаласын жариялаған.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік



санатын беруге үміткер педагог көркем еңбек пәнінің мұғалімі Алибаев Айденгали Камалиевичтің сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын қарап, сараптама жүргізілді. Айденгали Камалиевичтің бірінші санаты бар, педагогикалық өтілі 36 жыл. Аудандық және мектепшілік сайыстарға қатысады және нәтижелері де бар. Сонымен қоса, Айденгали Камалиевич мектеп директорының әскери-патриоттық тәрбие ісінің орынбасары. А.К.Алибаевтың сабақтарына педагог-зерттеуші Рыспаева Аяғоз Бактыгельдиевна мен Имажанова Карлығаш Темиржановна қатысып, бақылау парақтарын толтырды және әріптестер мен ата-аналардың оң пікірі бар.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер педагог көркем еңбек пәнінің мұғалімі Омаров Сейт-Баттал Канатовичтің сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын қарап, сараптама жүргізілді. Сейт-Баттал Канатовичтің білімі жоғары, санаты жоқ, педагогикалық өтілі 7 жыл. Аудандық және мектепшілік көрмелерге қатысады. «JasSkills Agmola 2022» облыстық чемпионатына «Көркем ағаш ою» күзиреттілігі бойынша сарапшы ретінде қатысқан. С.К.Омаровтың сабақтарына педагог-зерттеуші Жумабаева Фатима Кыпшақбаевна мен Имажанова Карлығаш Темиржановна қатысып, бақылау парақтарын толтырды және әріптестерінің оң пікірі бар. Біліктілігін арттыру курсынан өту ұсынылды.

«Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санатын беруге үміткер педагог география пәнінің мұғалімі Тусупова Гульум Асыгатовнаның сабақтарына қатысып, жинақтаған портфолиосын қарап, сараптама жүргізілді. Гульум Асыгатовнаның білімі жоғары, санаты жоқ, педагогикалық өтілі 12 жыл. Оқушылары мектепшілік пән олимпиадаларында жүлделі орындарға ие болып, аудандық кезеңіне қатысты, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы өткізген «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары. Г.А.Тусупованың сабақтарына педагог-зерттеуші Жумабаева Фатима Кыпшақбаевна қатысып, бақылау парақтарын толтырды және әріптестер мен ата-аналардың оң пікірі бар.

### **Шешім:**

1. Тәжин Н.Е. «басшы-ұйымдастырушы» біліктілік санатын беруге ұсынылады.

Ашимова Г.К. екінші санатты басшының орынбасары біліктілік санатын беруге ұсынылады.

Ахметов Д.М. химия пәнінің мұғалімі «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын растауға ұсынылады.

Жакенов М.Е. дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мерзімнен бұрын «педагог-сарапшы» біліктілік санатын растауға ұсынылады.

2.Төмендегі тізім бойынша «педагог-модератор»біліктілік санатын беруге ұсынылады:

- Сураганова Г.М. информатика пәнінің мұғалімі
- Сураева И.П. ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
- Шугаева Г.С. ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
- Мусин Д.А. дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
- Әубәкір Ж.Қ. дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
- Абсағиева А.А. тарих пәнінің мұғалімі
- Алибаев А.К. көркем еңбек пәнінің мұғалімі
- Омаров С.К. көркем еңбек пәнінің мұғалімі
- Тусупова Г.А. география пәнінің мұғалімі

Директор:

Хатшы:



Н.Тәжин

А.Уткельбаева



**2022-2023 оқу жылындағы №5 педагогикалық кеңес отырысының  
хаттамасы**

24.03.2023 жыл

Қатысқандар: 68

**Өткен педагогикалық кеңес шешімі бойынша атқарылған жұмыстар туралы:**

1. Ахметов Д.М., Рахметова Н.К. – пән олимпиадасына дарынды оқушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстары жайлы ақпарат.
2. Тажина А.К., Жумабаева Ф.К. – 2-тоқсан қорытындысы бойынша төмен білім сапасын көрсеткен кластарда жүргізілген Lesson study зерттеу жұмыстары бойынша ақпарат.
3. Рыспаева А.Б. – Бастауыш 2-4 класс оқушыларының оқу жылдамдығын тежейтін қиындықтар мен кедергілерді анықтап, ұйымдастырған жұмыс туралы.
4. Жусупова Б.А. – Оқушылардың жұмыс дәптерлерін тексеру мен жүргізу ережесі туралы.

**Күн тәртібінде:**

1. III тоқсан қорытындысы. 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау.

Г.Тусупова

2. 1 және 5-класс оқушыларының бейімделуіндегі проблемалары, шешу жолдары.

А.Байтурова

3. Денешынықтыру, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәндері бойынша мектептегі атқарылып жатқан жұмыстар туралы. Талаптар мен міндеттер.

А.Алибаев

М.Жакенов

Өткен педагогикалық кеңестің шешімі бойынша ЖМБ пәндерінің ОБ жетекшісі Ахметов Д.М. пән олимпиадасына дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстары жайлы мәлімдеді: - Мектебіміз бойынша 7-8 кластар арасында жаратылыстану-математика бағыттағы пәндер бойынша республикалық пәндер олимпиадасының аудандық кезеңіне 12 оқушы қатысты. 1-орын алғандар 3-еу: 7 «в» класс оқушысы Пунина Алена физикадан; 7 «а» класс оқушысы Абильхамитов Ерасыл географиядан; 8 «в» класс оқушысы Айтпай Руслана географиядан. 2-орын алғандар 2-еу: 7 «в» класс оқушысы Тусупбеков Нурсултан биологиядан; 7 «ә» класс оқушысы Серік Ерасыл физикадан. 3-орын алғандар 3-еу: 7 «б» класс

оқушысы Даниярқызы Зере химиядан; 8 «а» класс оқушысы Жакен Аянат химиядан; 8 «в» класс оқушысы Идиатуллина Дильназ биологиядан. 4 оқушы орын алған жоқ.

Сонымен қатар 9-11 кластар арасында жаратылыстану-математика бағыттағы пәндер бойынша республикалық пәндер олимпиадасының аудандық кезеңіне 12 оқушы қатысты. 1-орын алған 1 оқушы 9 «б» класс оқушысы география пәнінен Амангелді Еламан. 2-орын алғандар 5-еу: математика пәнінен 9 «б» класс оқушысы Қабыл Арайлым, химия пәнінен 9 «б» класс оқушысы Садыкова Жансая, биология пәнінен 9 «в» класс оқушысы Тусупбекова Алина, география пәнінен 10 «а» класс оқушысы Бақытбек Мұрағат, география пәнінен 11 «а» класс оқушысы Сулеймен Ажар. 3-орын алғандар 4-еу: математика пәнінен 10 «а» класс оқушысы Иманбеков Жалғас, информатика пәнінен 9 «б» класс оқушысы Болат Аңсар, физика пәнінен 10 «а» класс оқушысы Қанатова Аружан, химия пәнінен 10 «а» класс оқушысы Ақанова Арайлым. 2 оқушы орын алған жоқ.

Ұсыныс: орын алған оқушыларды әрі қарай облыстық олимпиадаға дайындау.

ҚГБ пәндерінің ӘБ жетекшісі Рахметова Н.К.: - 2022-2023 оқу жылындағы Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 9-11-кластарға арналған мектепшілік пәндік олимпиадасына гуманитарлық пәндер бойынша 26 оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Оның ішінен 1-орынға ие болған 12 оқушы аудандық кезеңге қатысты. 2 оқушы 1-орынды иеленді, Амангелді Сандуғаш қазақ тілі, Иманов Еркін ағылшын тілінен, 4 оқушы 2-орынды, қазақ тілі, орыс тілі және тарих пәндерінен, 4 оқушы 3-орынға ие болды, қазақ тілі, орыс тілі және құқық негіздері пәндерінен. Бірінші орынға ие болған Амангелді Сандуғаш қазақ тілі мен әдебиеті бойынша облыстық кезеңге қатысып, сертификатқа ие болды.

Сонымен қатар, 7-8 кластар арасындағы пәндік олимпиада бойынша аудандық кезеңге 9 оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. 4 оқушы облыстық кезеңге өтті. Орыс тілінен Туғанбекұлы Тайирлан, тарих пәнінен Зейнуллина Айсана, қазақ тілі Амангелдіұлы Асанали, ағылшын тілінен Ораз Інжу.

2-тоқсан қорытындысы бойынша төмен білім сапасын көрсеткен кластарда жүргізілген Lesson study зерттеу жұмыстары бойынша мектеп координаторлары Тажина А.К., Жумабаева Ф.К. мәлімдеме жасады: - Lesson study зерттеу жұмысын 4-тоқсанға жоспарладық. Себебі осы тоқсанда апталықтар, бірнеше іс-шаралар бірінен соң бірі өтті. Уақыт тығыз болды.

Бастауыш 2-4 класс оқушыларының оқу жылдамдығын тежейтін қиындықтар мен кедергілерді анықтап, ұйымдастырған жұмыс туралы Рыспаева А.Б. мәлімдеме жасады: - Өткен педкеңестің шешімі бойынша жұмыстар атқарылды, ай сайын оқу жылдамдығы алынды. 2 «а» класында қаңтар айында 63 сөз, ақпанда 65 сөз, наурызда 66 сөз оқыды. 2 «ә» класында қаңтарда 66 сөз, ақпанда 70 сөз, наурызда 70 сөз оқыды. 2 «б» класында қаңтарда 65 сөз, ақпанда 65 сөз, наурызда 66 сөз оқыды. 3 «а» класында қаңтарда 75 сөз, ақпанда 76 сөз, наурызда 76 сөз оқыды. 3 «ә» класында қаңтарда 65 сөз, ақпанда 65 сөз, наурызда 68 сөз оқыды. 3 «б» класында



қаңтарда 43 сөз, ақпанда 43 сөз, наурызда 44 сөз оқыды. 3 «в» класында қаңтарда 62 сөз, ақпанда 63 сөз, наурызда 64 сөз оқыды. 4 «а» класында қаңтарда 55 сөз, ақпанда 55 сөз, наурызда 56 сөз оқыды. 4 «б» класында қаңтарда 73 сөз, ақпанда 73 сөз, наурызда 74 сөз оқыды. 4 «в» класында қаңтарда 76 сөз, ақпанда 76 сөз, наурызда 77 сөз оқыды. 4 «г» класында қаңтарда 69 сөз, ақпанда 70 сөз, наурызда 70 сөз оқыды.

Оқу жылдамдығын тексеруді әрі қарай 4-тоқсанда да жалғастырамыз.

Оқушылардың жұмыс дәптерлерін тексеру мен жүргізу ережесі туралы Жусупова Б.А. мәлімдеді: - Оқушылардың жұмыс дәптерлері ережеге сай жүргізілуде. 4-тоқсанда әрі қарай жұмыс жалғасады.

### **Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе III тоқсан қорытындысы. 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусупова мәлімдеме жасады:

- Биылғы оқу жылының 3-тоқсанының кластар бойынша білім сапасының қорытындысы келесідей, 2 «а» класы 77%, 2 «ә» класы 63%, 2 «б» класы 71%, 3 «а» класы 71%, 3 «ә» класы 65%, 3 «б» класы 53%, 3 «в» класы 57%, 4 «а» класы 62%, 4 «б» класы 57%, 4 «в» класы 69%, 4 «г» класы 62%, 5 «а» класы 72%, 5 «ә» класы 63%, 5 «б» класы 57%, 5 «в» класы 64%, 6 «а» класы 60%, 6 «ә» класы 50%, 6 «б» класы 54%, 7 «а» класы 72%, 7 «ә» класы 38%, 7 «б» класы 50%, 7 «в» класы 43%, 8 «а» класы 64%, 8 «б» класы 47%, 8 «в» класы 25%, 9 «а» класы 41%, 9 «б» класы 59%, 9 «в» класы 57%, 10 «а» класы 64%, 10 «б» класы 50%, 11 «а» класы 57%, 11 «б» класы 50%, үй жағдайында оқытылатын 11 «а» класс оқушысы Бисекенова Асель 100%. 2-11-кластар бойынша білім сапасы келесідей, 2-кластарда 2-тоқсанда 64%, 3-тоқсанда 70%, 3-кластарда 2-тоқсанда 63%, 3-тоқсанда 62%, 4-кластарда 2-тоқсанда 63%, 3-тоқсанда 61%, 5-кластарда 2-тоқсанда 60%, 3-тоқсанда 65%, 6-кластарда 2-тоқсанда 56%, 3-тоқсанда 55%, 7-кластарда 2-тоқсанда 57%, 3-тоқсанда 51%, 8-кластарда 2-тоқсанда 53%, 3-тоқсанда 50%, 9-кластарда 2-тоқсанда 53%, 3-тоқсанда 51%, 10-кластарда 2-тоқсанда 62%, 3-тоқсанда 62%, 11-кластарда 2-тоқсанда 56%, 3-тоқсанда 56%. 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарының 3-тоқсаны бойынша білім сапасын салыстырғанда былтыр 56% болса, биыл 59%-ті көрсетіп отыр.

ЖМБ пәндері бойынша биылғы оқу жылының 2,3-тоқсандары бойынша білім сапасының көрсеткіші келесідей, математикадан 2-тоқсанда 69%, 3-тоқсанда 71%, алгебрадан 2-тоқсанда 63%, 3-тоқсанда 65%, геометриядан 2-тоқсанда 66%, 3-тоқсанда 43%, физикадан 2-тоқсанда 63%, 3-тоқсанда 54%, химиядан 2-тоқсанда 71%, 3-тоқсанда 69%, биологиядан 2-тоқсанда 71%, 3-тоқсанда 77%, географиядан 2-тоқсанда 85%, 3-тоқсанда 93%, информатикадан 2-тоқсанда 92%, 3-тоқсанда 100%, ЖМБ пәндері бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 2-тоқсанда 73%, 3-тоқсанда 72%.

ҚГБ пәндері бойынша биылғы оқу жылының 2,3-тоқсандары бойынша білім сапасының көрсеткіші келесідей, қазақ тілден 2-тоқсанда 73%, 3-тоқсанда 67%, қазақ әдебиетінен 2-тоқсанда 71%, 3-тоқсанда 72%, қазақ тілі мен әдебиетінен 2-тоқсанда 73%, 3-тоқсанда 65%, орыс тілінен 2-тоқсанда 68%, 3-тоқсанда 57%, орыс әдебиетінен 2-тоқсанда 74%, 3-тоқсанда 66%, орыс тілі мен әдебиетінен 2-тоқсанда 73%, 3-тоқсанда 72%, ағылшын тілінен 2-тоқсанда 74%, 3-тоқсанда 75%, Қазақстан тарихынан 2-тоқсанда 74%, 3-тоқсанда 70%.

ҚГБ пәндері бойынша білім сапасының орташа көрсеткіші 2-тоқсанда 76%, 3-тоқсанда 68%.

9-кластар бойынша «Үздік аттестатқа» үміткерлер:

Каптысәліямова Сабина – 9 «а» класы;

Каратаева Нұрай – 9 «а» класы;

Даниярқызы Алуа – 9 «а» класы;

Қабыл Арайлым – 9 «б» класы;

Нұрлан Бакыт – 9 «б» класы;

Садыкова Жансая – 9 «б» класы;

Сериқова Дильназ – 9 «б» класы;

Рыбина Анастасия – 9 «в» класы;

Тусупбекова Алина – 9 «в» класы;

Ходырева Карина – 9 «в» класы.

11-кластар бойынша «Алтын белгіге» үміткерлер:

Амангелді Сандұғаш – 11 «а» класы;

Жақыпбекова Алуа – 11 «а» класы.

Ұсыныс:

-Білім сапасы 50%-тен төмен 7 «в», 7 «ә», 8 «б», 8 «в», 9 «а» кластарында жүйелі жұмыс жалғастыру қажет.

-9 және 11-кластарда қорытынды аттестацияға және ҰБТ-ға дайындалу бойынша консультациялар өткізуді бастау қажет.



1 және 5-класс оқушыларының бейімделуіндегі проблемалары, шешу жолдары туралы мектеп психологі А.Байтурова мәлімдеме жасады:

- Қазіргі заманда 6 жасар балаларды мектепке оқытуға дайындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Алты жасар баланың алғаш рет мектепке келуі — балаға да және оның ата - анасына да өте жауапкершілікті кезең болып саналады. Оқу әрекетіне еш ауыртпалықсыз, әрі табысты кірісіп кету үшін баланың дені сау және жан - жақты даярланған болуы қажет. Осыған орай мен оқушылардың мектепке, оқу үрдісіне тез бейімделуін қатаң бақыладым.

Жалпы 2022-23 оқу жылында мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер саны-78. 1 «а» класында – 16 оқушы, оның 10 бала – МАД, 2 бала – балабақшадан, 4 бала – үйден; 1 «ә» класында – 24 оқушы, оның 11 бала МАД, 9 бала – балабақшадан, 4 бала – үйден; 1 «б» класында – 20 оқушы, оның 11 бала МАД, 6 бала – балабақшадан, 3 бала – үйден; 1 «в» класында – 18 оқушы, оның 14 бала МАД, 1 бала – балабақшадан, 2 бала – үйден, 1 бала – қаладан.

Оқудың алғашқы аптасында-ақ кейбір оқушылар өздерін әлі оқушы сезіне қоймайды. Өздерін даярлық сыныптағыдай сезініп, іс-әрекеттер жасай бастады. Тек оқудың 5-6 апталарында жұмысқа қабілеттілік көрсеткіштері тұрақты бола бастады және біртіндеп жоғарылады. Оқумен байланысты барлық жүктемеге қатысты тұрақты бейімделу басталды. Оқу жүктемесіне ағзаның физиологиялық бейімделуі қиын кезең болғанымен, ол оқудың 5-6 апталарында аяқтала бастады.

«Мектеп күйзелісі» – бұл баланың мектепке баруымен байланысты психикалық күйінің бұзылуы сияқты жылау, мектепке барғым келмейді деген оқушылар тарапынан қылықтар болған емес. Балалардың ішінен мектепке бейімделу ауыр, қиын болған балалар болған жоқ. Мұнда денсаулық жағдайының бұзылуы оқу жылының басында 2-3 оқушыда ғана болды.

Орта буынға бейімделу – 5 класс. Қазан айының 10-14 күндері аралығында мектеп психологы жоспар бойынша 5 класстар арасында «**Орта буынға бейімделу**» бойынша сауалнама алып, тренингтер өткізді.

**Мақсаты:** бастауыш буыннан келген оқушыға өз-өзін тануға көмектесу, психологиялық педагогикалық қолдау, орта буынға өту кезеңіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл күйлерін, сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерін дұрыс қалыптасуына ықпал тигізу.

Алынған жұмыс үлгісі: оқушыларға сұрақтар, ойындар, сауалнама, суреттерді бояу. Оқушыларды орта буынға бейімдеу – қиын да күрделі іс. Бастауыш сынып оқушыларының орта буынға өтуі – қазіргі күнге дейін мектептің актуалды мәселесі болып келеді.

Бұл кезең – оқушылар үшін де, ата-аналары үшін де, оларды 4 жыл бойы оқытып, аялап келген ұстаздары үшін де, оларды енді қанатының астына алғалы отырған мұғалімдері үшін де – ең бір жауапты да қиын кезең. Сондықтан бұл кезеңді бала өміріндегі ең алғашқы өтпелі кезең деуге болады. Бұл қиындық жас ерекшелігіне байланысты жүктемелердің көбеюі, яғни 5-сыныпта оқу жүктемесі, оқу жағдайы күрт өзгертіндігімен түсіндіріледі.

Ғалымдардың айтуы бойынша, кейбір балалар бұл кезеңнен онша қиналмай өтсе, яғни 4-5 аптадан соң, көпшілігі 2-3 айға дейін немесе 5-сыныпты бітіргенше, ал тағы біразының осы кездегі алған әсерлері салдарынан бейімделуі орта мектепті бітіргенше сақталады екен.

Осы кезде ата-аналарға, сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне ұсыныс:  
- Оқушыларға сенім білдіру, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру;

- Оқушыларға жылы лебізден ықылас пен көмек көрсету;
- Мұғалім өзін-өзі меңгеріп, ұстамдылық үлгісін көрсету, әдісшіл болу;
- Пән мұғалімдерінің оқытудың жаңа технологияларын сабаққа енгізу арқылы, балалардың белсенділігін арттыру;
- Мектеп психологтары психопрофилактикалық сабақтар, тренингтер өткізу;

Денешынықтыру, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәндері бойынша мектептегі атқарылып жатқан жұмыстар туралы. Талаптар мен міндеттер туралы А.Алибаев, М.Жакенов мәлімдеме жасады:

- Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Қорғалжын ауылы мектеп – гимназиясы бойынша 7 спорттық секция жұмыс атқаруда. Осы секциялар түріне мектеп бойынша 90 оқушы қатысады.

2022 – 2023 оқу жылында спорттық секциялар бойынша Аудандық жарыстарға белсене қатысып жүлделі орындардан көрінуде.

Волейбол қыздар командасы аудандық мектеп арасында 1-орынды,

Зеренді ауданында өткен волейболдан оқушы қыздар арасында 1-орын,

Орал қаласындағы ҚР чемпионатына жолдама алды.

Үстел теннисі БЖСМ ұйымдастыруымен өткен жарыста 1-орын,

Аудандық жарыс Өркендеу ауылында командалық 2-орын,

А.Төлебаев атындағы мектепте өткен жарыста 3-орын,

Асық ойыны Арықты ауылында өткен жарыста жалпы командалық 3-орын,

Тоғызқұмалақ Арықты ауылында өткен жарыста жалпы командалық 3-орын,

А.Төлебаев атындағы мектепте өткен жарыста Облыстық жарысқа іріктеу 1-орын шахмат ойынынан Өркендеу ауылында өткен жарыста 3-орын,

Футбол 5-6 класс оқушылары арасындағы аудандық жарыста 1-орын, 9-11 класс оқушылары 2-орын иеленді.

Алғашқы әскери дайындық пәні Қазақстан әскерінің даму тарихымен танысу және оның бүгінгі жай-күйін оқу арқылы әскери тұрғыдан жігерлі, батыл, денсаулығы мықты, білімді тұлғаны дамытуға бағытталған.

Алғашқы әскери дайындық пәні бойынша облыстық «Мерген» сайысына іріктеу жарысынан 1-орын, Ауған соғысы ардагерлерімен 9-11 класс оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.

«Көркем еңбек» – «Бейнелеу өнері» мен «Еңбек баулу» пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. Ол әртүрлі шығармашылық іс-шаралар барысында көркемдік және технологиялық білімді, дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Көркем еңбек пәні бойынша Тарих ізімен байқауында 3,4-орынды,

Фламинго Республикалық көлемде өткен байқаудан 3-орын,

Фламинго Облыстық көлемде өткен байқаудан 1,2,3-орындарды,

Алтын қазына Облыстық көлемде өткен байқаудан 2-орынды иеленді.



## Қаулы етті:

